## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 9 ақпан N 189

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-67 қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.02.09. N 196 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 ақпандағы N 189 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

### 2002 жылға арналған
### 001 "Әкімшілік шығындары" республикалық бюджеттік бағдарламасының
### ПАСПОРТЫ

1. Құны: 144 516 мың теңге (бір жүз қырық төрт миллион бес жүз он алты мың теңге). < * >

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21-24 баптары; "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталынатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 карашадағы N 1754 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 "Штаттық сан лимиттерін

бекіту туралы" қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі орталық аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің аппаратын қаржыландыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Әкімшілік шығындары | | | |
| | | 001 | Орталық органның аппараты | 243 бірлік санындағы штаттық кестеге сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орталық аппаратын ұстау <*> | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелген қызметтің сапалы әрі уақытылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**079 "Лицензиарлар қызметінің орындалуы"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5800 мың теңге (бес миллион сегіз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Лицензиялау туралы"

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 10 бабы, "Білім туралы " Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 12, 30, 35-баптары, "Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жоғары оқу орнынан кейінгі, кәсіптік жоғары және орта білім беру қызметін лицензиялауды іске асыру, білім және ғылым ұйымдарының лицензиардың біліктілік талаптарын сақтау жөніндегі қызметін жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: лицензиялар беру, білім және ғылым ұйымдарының біліктілік талаптарын сақтауын қадағалау; білім беру ұйымдарын лицензиялау жөніндегі республикалық комиссиялардың жұмысын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 79 | 00 | Лицензиарлар қызметінің орындалуы | 250 кәсіптік орта білім беру ұйымының; 181 кәсіптік жоғары білім беру ұйымының; 80 жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін кәсіптік жоғары білім беру және ғылым ұйымының білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын сақтауын тексеру мақсатымен білім беру ұйымдарының орналасқан жеріне барып сараптама жүргізу үшін комиссия | Жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

қ ұ р у .
Лицензиялау бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету.
Лицензиялау, лицензиялау жөніндегі нормативтік құжаттар шарттарын Жылдың түсіндіру жөнінде І-жартысы аймақтық кеңестер - аймақтарға шығу бойынша 5 кеңес өткізу.
-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: кәсіптік жоғары, орта және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 032**
**"Ғылыми-техникалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 110 378 мың теңге (жүз он миллион үш жүз жетпіс сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33 бабы; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26 бабы; "ҚазКСР Ғылым академиясының Ғалымдар үйін ұйымдастыру туралы" ҚазҚСР Ғылым академиясы Президиумының 1983 жылғы 14 қыркүйектегі N 149 қаулысы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республикалық ғылыми-техникалық

кітапханаға (РҒТК) бекітілген ғылым мен техника саласындағы отандық және әлемдік жетістіктерді көрсететін жарияланған және жарияланбаған құжаттар қорын түрлері мен тақырыптары бойынша құрастыру жолымен Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін практикалық қызметке енгізуге жәрдемдесу; ғалымдардың аса үздік жетістіктерінің ақпараттық қызмет аясын күшейту; ғалымдардың белсенді әрі мазмұнды демалысын ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ағымдағы ақпараттық пайдаланушылар сұраныстарын және Қазақстан экономикасының даму перспективаларын ескере отырып, қормен жұмысты, анықтамалық-іздестіру аппаратын толықтыруды ұйымдастыру жолымен ғылыми-техникалық ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету. Ғылымның ең жаңа жетістіктерін, қазақстандық ғалымдардың ашқан жаңалықтарын насихаттауға, олардың мәдени деңгейі мен мазмұнды демалысын жақсарту үшін әр қырлы шаралар өткізуге арналған іс-шаралар жиынтығын ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 032 | 000 | Ғылыми-техникалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету | Ағымдағы ақпараттық пайдаланушылар сұраныстарын және Қазақстан экономикасының даму перспективаларын ескере отырып қормен жұмысты, анықтамалық-іздестіру аппаратын толықтыруды ұйымдастыру жолымен ғылыми-техникалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету. 58019-бірлік санындағы кітапхана қоры, ғылым мен техника | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

жетістіктерін насихаттау жөніндегі іс-шаралар саны - 118

-------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Оқушылар сұраныстарын неғұрлым толық, өзектілікпен, заманға лайық және шыншылдықпен қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
4-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

----------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 030 "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2 550 992 мың теңге (екі миллиард бес жүз елу миллион тоғыз жүз тоқсан екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 ақпандағы Заңы 6 бабы; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26 бабы; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 61 қаулысы ; "Ғылым министрлігі жанындағы Ғылым қоры және Қазақстан Республикасының жаңа технологиялары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 наурыздағы N 218 қаулысы ; "Ғылыми-техникалық қызметке сараптама ұйымдастыру және өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 876 қаулысы ; "Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштерін бекіту туралы" Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 875 қаулысы ;

"Республикалық бюджет есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларын құрудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимылдар бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысы ; "2001-2005 жылдарға арналған ауылшаруашылығы өсімдіктерінің, жануарларының және микроорганизмдерінің тектік қорын сақтау, дамыту және пайдалану" республикалық мақсатты бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 тамыздағы N 1167 қаулысы ; "2001-2005 жылдарға арналған Қазақстанның аймақтары бойынша ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді, өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" салалық ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1378 қаулысы ; "2001-2003 жылдарға арналған "Ақпарат қорғау саласында ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлеу өткізу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 433 қаулысы ; "2001-2005 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасында биотехнологиялық өнімдер өндіруді республикалық ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және ұйымдастыруды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 871 қаулысы ; "2002-2006 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасында фармацептік өнеркәсіпті дамыту үшін төлтума фитопрепараттар әзірлеу және өндіріске енгізу" Республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 шілдедегі N 296 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 617 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Экономиканың базалық салаларының қажеттіктерін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, ғылымды көп қажет ететін жаңа өндірістер ұйымдастыру үшін игілікті жағдайлар жасау, "зерттеу-әзірлеу-кадрлар даярлау-өнеркәсіптік игеру" бірыңғай ғылыми-өндірістік тізбекке көшуге септігін тигізетін ғылыми-техникалық және өзге салаларда инновациялық қызметті дамыту.

Ғылыми зерттеулердің материалдық-техникалық базасын нығайту және тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Отандық технологиялардың бәсекелестік қабілетін көтеру, өндірістің ғылымды көп қажет ететін салаларын тұрақты дамыту үшін жағдай жасау; елдің экспортқа бағдарланған өнеркәсіп кешенін құру мақсатымен ғылым мен отандық

жаңа технологиялар жетістігін іске асыру.

Қажетті жабдықтар мен аспаптар, реактивтер, қосалқы бөлшектер сатып алуда бірінші кезекті қажеттіктерді қанағаттандыру; ғылыми ұйымдар осы заманғы жабдықпен, аспаптармен және есептеу техникасымен жарақтау; осы заманғы жоғары өнімді жабдықтарды және ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру, деректердің электрондық каталогы мен проблемалық базаларын жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 030 | | Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу | Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу: Іргелі зерттеулер - 54 жоба, Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар - 8, қолданбалы ғылыми-техникалық жобалар - 96, инновациялық жобалар - 24 | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| | 031 | | Жабдықтар сатып алу үшін ғылыми ұйымдарды қаржыландыру | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген сатып алатын жабдықтардың тізбесіне сәйкес 56 ғылыми ұйымды субсидиялау. | 2002 жылдың сәуірі-маусымы | |

7. Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іске асыру. Табиғи және әлеуметтік жүйелер туралы қағидатты жаңа білім алу, экономиканы жүйелі қайта

құрудың, қоғамды, мәдениетті, ғылымды тұрақты дамытудың ғылыми негіздерін әзірлеу; ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалпы ғылыми-технологиялық кеңістігі мен ғылыми еңбектің әлемдік бөлінісі шеңберінде қазақстандық ғылымның айқындамасын нығайту; экспорттық және импорттың орнын толтыратын өнімдерді көбейтуге және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамытуға септігін тигізетін өтемді әзірлеулер жасау және енгізу; синтетикалық және табиғи тума медициналық бірегей препараттар өндіру; ауылшаруашылық дақылдарының жоғары өнімді тұқымын тездетіп жасау әдістерін әзірлеу.

Жабдықтар сатып алу ғылыми ұйымдардың ағымдағы міндеттерді сапалы әрі мезгілінде орындауына мүмкіндік береді және олардың өңдейтін ақпаратының шапшаңдығын арттырады, тигізеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
5-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 033 "Ғылыми-тарихи құндылықтарды сақтау" республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3655 мың теңге (үш миллион алты жүз елу бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33 бабы; "Академик Қ.И.Сәтпаевты мәңгі есте қалдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 332 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мұражай қорлары мен мұрағаттарда жатқан көрнекті ғалым, Қазақстан ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И. Сәтпаевтың өмірі мен қызметі туралы ілім-білімді білімдік-тәрбиелікпен және мақсаткерлікпен таратуды жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: академик Қ.И. Сәтпаевтың өмірі мен

қызметіне байланысты материалдар мен құжаттарды іздеп табу, зерттеу, әйгілеу және пайдалану; Мұражайлық мәні бар заттарын жинастыру мақсатымен тарихи-тұрмыстық, этнографиялық экспедициялар, ғылыми іс сапарлар ұйымдастыру және өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 033 | | Ғылыми - тарихи құндылықтарды сақтау | | | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, |
| | | 030 | Академик Қ.И. Сәтпаевтың мемориалдық мұражайы | Академик Қ.И.Сәтпаевтың мемориалдық мұражайын құрамы 18 адамнан тұратын штаттық лимит саны шегінде ұстау | 2002 жыл | Академик Қ.И.Сәтпаев. тың мемориал. дық мұражайы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Өскелең ұрпақтың ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И. Сәтпаевтың қызметіне және тұтас алғанда Қазақстан ғылымына деген танымдық қызығушылығын дамыту; ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтпаевтың өмірін, ғылыми және қоғамдық қызметін насихаттау арқылы өз өмірін Қазақстанның ғылымы мен техникасын дамытуға арнағысы келетін жастардың санын көбейту, олардың Отанға деген патриоттығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың дүниетанымын кеңейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
6-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

---

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 034 "Ғылыми кадрларды аттестациялау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 18 235 мың теңге (он сегіз миллион екі жүз отыз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 ақпандағы N 257 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру жөніндегі аттестациялық істерді қарау, сондай-ақ белгіленген мемлекеттік үлгіде құжаттар беру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 034 | 000 | Ғылыми кадрларды аттестациялау | Ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет. керлерге қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес оларға ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру жөніндегі аттестациялық істерді ұйымдастыру және қарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларға, бағдарламаларға | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

сараптама өткізуге қатысу.
Мемлекет атынан дипломдар мен аттестаттар беруді ресімдеуді жүзеге асыру.
1700 дана аттестациялық істерді қарау.
---------------------------------------------------------------------------
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру мәселелері бойынша мемлекет атынан ақтық шешім қабылдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
7-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
------------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 035 "Ғылымды дамытудың жай-күйі және болжамдауға талдау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 11 872 мың теңге (он бір миллион сегіз жүз жетпіс екі мың теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 7-бабы; "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 34 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 34 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 236 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Ғылымды дамытудың басым бағыттарын анықтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ғылыми-зерттеу қызметі, ғылымды дамытудың басым бағыттарын анықтау және ғылыми кадрлар даярлау; ғылыми зерттеулер бағдарламасын орындауды ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, құру және үйлестіру; халықаралық ғылыми ынтымақтастыққа, инновациялық және инвестициялық қызметке көмек көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 035 | | Ғылымды дамытудың жай-күйі және болжамдауға талдау | | | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясы |
| | | 030 | Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясы | Ұлттық ғылым Академиясын құрамы 20 адамдық штаттық лимит шегінде ұстау | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан экономикасының әр түрлі салаларында ғылыми-техникалық саланың ғылыми-техникалық жетістіктерін кеңінен пайдалану қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамудың күрделі проблемаларын шешуге көмегін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
8 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 036 "Ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 34 258 мың теңге (отыз төрт миллион екі жүз елу сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 290 қаулысы ; "Ғылым мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және дарынды жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1063 қаулысы ; "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар берудің және жас ғалымдарға үздік ғылыми жұмыстары үшін сыйлықтар берудің тәртібі туралы Ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 500 бұйрығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: отандық ғылым мен техниканы дамытуға ірі үлес қосқан аса көрнекті, сондай-ақ дарынды жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау, жас ғалымдардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ынталандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ғылым, техника және білім саласындағы жетістіктер үшін стипендиялар және мемлекеттік сыйлықтар төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 036 | 000 | Ғылым, | Конкурстар өткізу: | 2002 жылдың | Қазақстан |

техника және - ғылым саласында қыркүйек Республика.
білім сыйлықтар алуға - қазаны сының Білім
саласындағы - мемлекеттік ғылыми және ғылым
мемлекеттік стипендиялар алуға министрлігі
сыйлықтар Қазақстан Республикасы
мен Үкіметінің қаулыларына
стипендиялар сәйкес сыйлықтар төлеу.
Академиялық және басқа 2002 жыл
ғылыми стипендиялар бойы
төлеу.
Лауреаттарды марапат. 2002 жылдың
тауды ұйымдастыру, қазаны
дипломдар және құрметті
белгілер тапсыру.
-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Әр түрлі салаларда ғылымның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізу, ғылыми-техника саласының қызметкерлерін мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру дарынды жастарды ғылымға тарту мақсатымен ғылыми еңбекті ынталандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
9 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
--------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 040 "Сейсмологиялық ақпарат мониторингі" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 111 717 мың теңге (жүз он бір миллион жеті жүз он жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 14, 15, 28 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27

желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Республиканың сейсмологиялық қауіпті аймақтарындағы жойқын жерсілкіністердің шығынын азайту шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1286 қаулысы ; " Алматы қаласында, Алматы және Талдықорған облыстарында мүмкін болатын жерсілкіністердің шығынын азайту жөніндегі қосымша шаралар және оның зардаптарын жою туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының сейсмологиялық қауіпті аудандарында жерсілкіністерін болжау мақсатымен кешенді зерттеулер ұйымдастыру және өткізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Бақылаудағы аумақ пен іргелес аудандардағы жерсілкіністері туралы деректерді тіркеу және өңдеу; далалық аспаптармен бақылау жүргізу және стационарлық станциялар желісінде сапалы әрі үздіксіз сейсмикалық, геофизикалық, гидрогеохимиялық, гидрогеодинамикалық, деформографиялық, ойысөлшеу, сейсмобиологиялық ақпарат алу, алған ақпаратты алғашқы өңдеуден өткізу; зерттелетін аумақты сейсмикалық бақылау тәртібі бойынша тақырыптық жұмыстар жүргізу; Қазақстан Республикасының аумағында сейсмикалық мониторингті жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының аумағындағы қатты жерсілкіністердің эпицентрлік аймақтарындағы уақытша сейсмикалық және геофизикалық станциялардың және өзге де бақылау түрлерінің жұмысын жандандыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы директивалық органдарының өкімі бойынша жұмыстар орындау бақылаудағы аумақ бойынша барлық байқалған және күшті жерсілкіністер туралы Қазақстан Республикасының директивалық органдарын мезгілінде хабарландырып отыру Білім және ғылым министрлігі жанындағы жерсілкіністерін болжау жөніндегі ведомствоаралық Комиссияға мезгілінде материалдар беріп отыру; жерсілкіністерінің оперативтік каталогтарымен бюллетендерін жасау, сейсмологиялық, геофизикалық, гидрогеохимиялық, деформографиялық және басқа да ақпараттар мұрағатын құрастыру аспаптық бақылау деректерін тіркеу, жөнелту және өңдеу үрдістерін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізу; жерсілкіністер болжамдары бойынша бақылау жүргізу және материалдарды өңдеу үшін жаңа әдістер мен техникалық құралдарды енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
----------------------------------------------------------------------
040 Сейсмологиялық ақпарат мониторингі

030 Білім және ғылым министр. лігінің Сейсмологиялық тәжірибелік- әдістемелік экспедициясы Қойылған міндеттерді орындау үшін 296 адамдық штаттық сан лимиті шегінде Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедицияны ұстау 2002 жыл бойы Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Сейсмология. лық тәжірибелік- әдістемелік экспедиция
----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының аумағындағы 2002 жылғы жерсілкіністер каталогы; алғашқы бақылау материалдарының (сейсмограммалардың, цифрлық сейсмограммалардың, деформограммалардың күшті қозғалыстар жазбасының, геофизикалық, гидрогеогиялық , сейсмобиологиялық бақылаулар және жер қабығы қозғалыстарын қазірגі бақылау бойынша алғашқы материалдардың) мұрағаттары; бақылау түрлері бойынша 2002 жылғы деректердің базалары; сейсмикалық ("Сейсмо", "Бадис", "Уақытша қатарлар", " Карточка", "Кармех"); геофизикалық ("Магнитка", "Теллурика"), гидрогеологиялық (" Геохим"), қазіргі қозғалыстар ("Кора"); өлшеу параметрлері негізінде жерсілкіністердің күн сайынғы оперативті болжамдары (барлығы 365 болжам); Білім және ғылым министрлігі жанындағы жерсілкіністерінің болжамдары жөніндегі ведомствоаралық Комиссияға күн сайын бақылау материалдарын беріп отыру.

Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясына жүктелген қызметтер мен міндеттерді сапалы әрі мезгілінде орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
10 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 205 "Академик Қ.И. Сәтпаевтың Мемориалдық мұражайының материалдық базасын дамыту" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 100 мың теңге (жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылғы арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33 бабы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңының 8 бабы; "Академик Қ.И.Сәтпаевты мәңгі есте қалдыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1997 жылғы 14 тамыздағы N 380 қаулысы; "Академик Қ.И.Сәтпаевты мәңгі есте қалдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 332 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қ.И.Сәтпаев атындағы Мемориалдық мұражайын негізгі қаражаттармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мұражайдың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында негізгі жабдықтарды сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 205 | 000 | Академик Қ.И. Сәтпаевтың Мемориалдық мұражайының материалдық базасын дамыту | Бір көшіргіш-көбейткіш аппаратын және бір принтер сатып алу | 2002 жылғы ақпан | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, академик Қ.И. Сәтпаевтің |

Мемориалдық мұражайы

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сапалы ғылыми қызмет үшін материалдық-техникалық базаны нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
11 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 206 "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының материалдық базасын дамыту" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 500 мың теңге (бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26 бабы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңының 8 бабы; "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 34 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 34 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 236 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясы үшін активтер сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты

!дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !
!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !
------------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
------------------------------------------------------------------------
206 000 Қазақстан Офистік столдар сатып 2002 жылғы Қазақстан
Республикасы алу - 5, орындықтар наурыз Республика.
Ұлттық ғылым - 100 сының Білім
Академиясының және ғылым
материалдық министрлігі,
базасын Қазақстан
дамыту Республика.
сының Ұлттық
ғылым
Академиясы
------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының сапалы ғылыми қызмет үшін қажетті материалдық-техникалық базасын нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
12 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 219 "Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедицияның материалдық базасын дамыту" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4 009 мың теңге (төрт миллион тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 1, 5, 10, 11, 14, 28 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының

1997 жылғы 16 шілдедегі Заңының 8 бабы; "Республиканың сейсмологиялық қауіпті аймақтарындағы жойқын жерсілкіністердің шығынын азайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1286 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Алматы қаласында, Алматы және Талдықорған облыстарында мүмкін болатын жерсілкіністердің шығынын азайту жөніндегі қосымша шаралар және оның зардаптарын жою туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедицияны негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция үшін активтер сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 219 | 000 | Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедицияның материалдық базасын дамыту | Мыналарды сатып алу: Дебит өлшегіші - 2 дана, ФПА-2 жалындық фотометрі - 1 дана МС226 рН - метрі - 5 дана, АГП-01 сынаппен өлшегіш кешені - 1 дана, 1С-77+MFJ 3276 радиомодемі бар КВ диапазонының радиостанциясы - 2 дана. | 2002 жылғы наурыз - қазан айлары | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: өлшеу үрдістерінің сенімділігінің артуы және олардың автоматтандырылуы; сейсмологиялық

станциялармен көлік байланысының жақсаруы және олардың жұмысының сенімділігінің артуы; деректерді цифрлық тарату желісінің кеңеюі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
13 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 603 "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясын есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1710 мың теңге (бір миллион жеті жүз он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26 бабы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңының 8 бабы; "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 34 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 34 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 236 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының ғылым жүйесін ақпараттандыруды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ұйымдастыру және есептеу техникасын сатып алу, Қазақстан Республикасы ғылымының нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
------------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !

!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 603 | 000 | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясын есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету. | Пайдаланушылардың жұмысшы станцияларын сатып алу - 2 дана, сервер - 1 дана, локальдық принтерлер - 1 дана, көшірме және көбейту техникасы - 1 дана, жүйелік бағдарламаны қамтамасыз ету техникасы - 1 дана | 2002 жылдың ақпаны | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республика. сының Ұлттық ғылым Академиясы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Техникалық жарақтау инновациялық және инвестициялық қызметте халықаралық ынтымақтастыққа кең жол ашады, мұның өзі тұтас алғанда Қазақстан ғылымының даму деңгейін көтереді. Техникалық құралдар есебінен өңделетін құжаттардың шапшаңдығы мен сапасы артады. Қазіргі техника әлемдік ақпараттық базаға енуге және өмірдің барлық салаларындағы кез келген өзгерістерді аңдып отыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
14 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**009 "Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 2 952 502 мың теңге (екі миллиард тоғыз жүз елу екі миллион бес жүз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 25, 40 баптары, "

Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 жарлығы , "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1059 қаулысы , "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1782 қаулысы , " Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының атауларын ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 892 қаулысы , Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетін құру туралы Анкара қаласындағы 1992 жылғы 31 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы келісім.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: экономика, әлеуметтік салаларды, ұлттық мәдениетті қоғамның, жеке мүдде мен еңбек нарқының сұранысына жауап беретін жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: 1999 жылға дейін оқуға түскен жоғары кәсіби білімі бар мамандарды сапалы даярлау, білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын енгізу, білім беру жүйесін жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық-материалдық негіздермен және кадрлармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 009 | | Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | | | |
| 1 | | 033 | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет. інде кадрлар | Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес өткізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту бойы | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | даярлау | жұмыстары енгізілген білім беру қызметінің іске асырылуы; оқу процесін ұйымдастыру үшін мүмкіндік жасау; орташа жылдық контингент 992 студент, жоғары білікті 1596 маман бітіртіп шығару. | | |
| 2 | 034 | Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университет. інде кадрлар даярлау | Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес өткізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстары енгізілген білім беру қызметінің іске асырылуы; оқу процесін ұйымдастыру үшін мүмкіндік жасау; орташа жылдық контингент 855 студент, жоғары білікті 875 маман даярлап шығару. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |
| | 040 | Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консервато. риясы | Білім беру процесін қамтамасыз ететін оқу-тәрбиелік, ғылыми және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру; үздік тәжірибе алмасу және кәсіптік деңгейде даярлау мақсатында ұқсас шет мемлекеттер оқу орындарымен шығармашылық байланыс; орташа жылдық контингент 639 студент, жоғары білікті 247 маман даярлап шығару. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |
| 3 | 091 | Мемлекет ішіндегі жоғары оқу орындарында кадрлар | Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес өткізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени -ағарту жұмыстары енгізілген | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

даярлау білім беру қызметінің іске асырылуы; оқу процесін ұйымдастыру үшін мүмкіндік жасау; орташа жылдық контингент 21939 студент, жоғары білікті 24855 маман бітіртіп шығару.

-------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоғам дамуының интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
15 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**049 "Мәдениет пен өнер саласында үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 481 700 мың теңге (төрт жүз сексен бір миллион жеті жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 22, 25, 36, 40 баптары, "Қазақ ұлттық музыка академиясын ашу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысы , "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1782 қаулысы , "Жекелеген жоғары оқу орындарының атауларын ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 892 қаулысы , " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1619 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мәдениет пен өнер саласындағы ұлттық мәдениетті жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету: концерттік ұйымдарда, оқу, мәдени-ағарту орындарында музыканттарды орындаушы-солист, музыкалық театрлар

оркестрінің әртістері, дирижерлер, сазгерлер, музыкатанушылар, музыкалық фольклор мамандары ретінде жұмыс істету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: музыкалық білім берудің бастауыш, орта, жоғары буындарын әдістемелік біріктіру; типтік және өзгермелі эксперименттік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде үздіксіз оқу процесімен қамтамасыз ету; жүйенің барлық буындарына ортақ орындаушылық және педагогикалық мектептер қалыптастыру; оқытудың жаңа прогрестік әдістерін енгізу және талдау; ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыс; педагогика, музыкалық мәдениет мәселелерінің негізгі талдауларын жүзеге асыру; музыкатануға қатысты әдебиеттер шығару; Қазақстан территориясында тұратын халықтардың музыкалық мәдениетімен байланысты халықтық-дәстүрлі жанр мамандықтарын дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 049 | | Мәдениет пен өнер саласында үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету | | | |
| 1 | | 030 | Қазақ ұлттық музыка академиясы | Білім беру процесін қамтамасыз ететін академия қызметкерлерін оқу-тәрбие, мәдени-ағарту, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру үшін жағдайын жасау; білім беру бағдарламасы саласында ынтымақтасу. Жылдық орташа контингент 955 студентті оқыту, 67 музыкалық білімі стипендия төлеу. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақ ұлттық музыка академиясы. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: студенттерді жоғары кәсіби білім алу кезінде әлеуметтік тұрғыдан қолдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
16 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**050 "Мемлекет ішіндегі Жоғары оқу орындарында**
**мемлекеттік білім беру гранты бойынша кадрлар даярлау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 3 546 581 мың теңге (үш миллиард бес жүз қырық алты миллион бес жүз сексен бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 13, 43 баптары, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Мемлекеттік білім беру гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1781 қаулысы , "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарында студенттер контингентін құрудың жаңа үлгісі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысы , "2001/2002 оқу жылында мемлекет ішінде жоғары білікті және екінші жоғары білімді кәсіби білім беру мамандарын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 мамырдағы N 738 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттің экономика, әлеуметтік салаларын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жоғары кәсіби білімі бар мамандарды сапалы даярлау; жоғары кәсіби білім беру үшін мемлекеттік білім беру гранттарын бөлудің механизмін меңгеру; білім беру жүйесін жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық-материалдық негіздермен және кадрлармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:
---------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты

!дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !
!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------------
050 Мемлекет ішіндегі Жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру гранты бойынша кадрлар даярлау

1 091 Мемлекет ішіндегі Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес өткізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстары енгізілген білім беру қызметінің іске асырылуы; оқу процесін ұйымдастыру үшін мүмкіндік жасау; орташа жылдық контингент 32549 студент даярлап шығару. 2002 жыл бойы Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі

2 034 Мемлекеттің жоғары оқу орындарында кадрларды жаңа қабылдау үлгісімен даярлау Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жыл сайын бекітілетін жоғары кәсіби және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі кәсіби білімді мамандарды даярлау жөніндегі мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес студенттерді қабылдау. Оқу процесін мемлекеттік Қыркүйек -желтоқсан 2002 жыл Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі

білім беру стандартымен сәйкес өткізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстары енгізілген білім беру қызметінің іске асырылуы; оқу процесін ұйымдастыру үшін мүмкіндік жасау; жылдық орташа контингент 4906 студентті оқыту.

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жоғары кәсіби білім алу үшін мемлекеттік білім беру гранттарын ұсыну арқылы кәсіби білім алудың мүмкіндіктерінің деңгейін көтеру; қоғам дамуының интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
17 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**051 "Шет елдегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 397 499 мың теңге (үш жүз тоқсан жеті миллион төрт жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 46 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, "Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық "Болашақ" стипендиясына үміткерлерді іріктеу мен тағайындау туралы ережесі және шетелде кадрларды даярлау туралы республикалық комиссияның ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығы , "2002 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жүзеге асуы туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы, "Шетелде кадрларды даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурызда бекіткен N 3375 Жарлығы бойынша ережесі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: рейтингке сәйкес өте жақсы көрсеткіштерге жеткен Қазақстанның дарынды жастарына шетел жоғары оқу орындарында магистр деңгейінде жоғары білім алуға көмек көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әлемдік білім деңгейіне сәйкес келетін білікті мамандар даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 051 | | Шет елдегі жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау | Оқудың барлық шығындарын төлеу; бару және келу визаларын толтыру, шетел жоғары оқу орындарының сауалнамалық түрлерін төлеу; қабылдаушы елдердің өкілетті ұйымдарында стипендиат. тарды тіркеу; шетел жоғары оқу орындарында стипендиаттардың орналасу, телефон, электронды байланыс, почта байланысы жөніндегі шығындарын төлеу; шетелдік делдалдық ұйымдардың | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

шығындарын төлеу; Қазақстанда оқуға түскенге дейінгі тұрған жерінен бастап және оқуға түскен жеріне дейінгі жол шығыны, тұрған жері, тамағы, оқу әдебиеті, медициналық сақтандыру, сондай-ақ оқу бітіргеннен кейінгі барлық шығындарын төлеу; алдыңғы қатарлы елдердің таңдаулы оқу орындарында "магистр" бағдарламасы бойынша 97 стипендиатты оқыту.

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік салаларын әлемдік еңбек нарқына жауап бере алатын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
18 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**053 "Восход" Москва авиация институтының филиалында кадрлар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 12 036 мың теңге (он екі миллион отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 46 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Байқоңыр" кешені үшін Қазақстан

Республикасы азаматтарынан космостық техника саласы бойынша мамандар даярлау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Ресей федерациясының жоғары білім бойынша мемлекеттік комитетінің арасындағы Келісім, "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Ресей Федерациясының жоғары білім бойынша мемлекеттік комитет арасындағы білім саласында ынтымақтастық туралы" 1993 жылғы 23 сәуірдегі Келісім.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: космостық техника бойынша жоғары білімді білікті мамандармен республика қажеттілігін қанағаттандыру, республикалар арасында ғылым және білім саласында өзара даму мен ынтымақтастық.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: космостық техника бойынша мамандарды арнайы даярлау Қазақстан Республикасы азаматтарының арасынан "Байқоңыр" кешенінің инженерлік-техникалық жұмысшыларының біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 053 | | "Восход" Москва авиация институтының филиалында кадрлар даярлау | оқу әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстары енгізілген оқу процесін Ресей Федерациясының мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес өткізу; Жылдық орташа контингент 68 студентті оқыту, 28 космостық техника мамандарын даярлау. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: космостық техника саласын жоғары білімді білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы

N 189 қаулысына
19 қосымша
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**054 "Жоғары оқу орындарында кадрларды даярлауды**
**мемлекеттік несиемен қамтамасыз ету"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 14 855 мың теңге (он төрт миллион сегіз жүз елу бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру несиесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 1523 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік білім беру несиесімен қамтамасыз ету процесі, республика бюджетінен бөлінген несиелерді тиімді пайдалану.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында несие бойынша мамандар даярлаудағы банк операцияларын жүзеге асыру ; алда несиені өтеу үшін несие алатын банктер құру; несие қаражатының республикалық бюджетке қайтарылуын қадағалау, мемлекеттік білім беру және студенттік несие қайтарылмаған жағдайда үстінен қылмыстық іс қозғау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

054 Жоғары оқу орындарында кадрларды даярлауды мемлекеттік несиемен қамтамасыз ету

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 030 | Қаржы орталығы | Мемлекеттік білім беру және студенттік несие бойынша құжаттар пакетін рәсімдей; Жоғары оқу орындары бойынша несие алушыларды фамилиясымен тіркеу; Ай сайын мақсатты түрде несие қаржысын жоғары оқу орын есебіне аударып отыру; әр студентке кейін ол несиені өтеу үшін жеке-жеке жинақтау есебін жүргізу; оқу бітіргеннен кейін контингент қозғалысын бақылау, жоғарыда көрсетілген функцияларды атқару үшін штаттық кесте бойынша 36 единица ұстау; Тоқсан сайын өкілетті ұйымдарға несие алушылар туралы мәлімет жіберу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қаржы орталығы |

------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Жоғары оқу орындарының есебіне несие қаржысының өз уақытында түсіріп отыру; бекітілген ереже бойынша несиені бюджетке қайтару.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
20 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**055 "М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалында кадрлар даярлау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 71 760 мың теңге (жетпіс бір миллион жеті жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 46 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі мен М.В.Ломоносов атындағы ММУ ректоры қол қойған Қазақстан Республикасында М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің филиалын ашу туралы Астана қаласында 2000 жылдың 9 қазанындағы Хаттама.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: еліміздің экономика және әлеуметтік салаларын жоғары білімді білікті мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің білім беру бағдарламасы бойынша барлық кәсіптік білім және біліктілік деңгейде мамандар даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 055 | | М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университет. інің Қазақстан | Жылдық орташа контингент 133 студентке арналған оқу процесін жоғары кәсіптік білімнің барлық сатысы бойынша жүргізу; | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

филиалында кадрлар даярлау | оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту және тәрбие жұмысына негізделген білім беруді жүзеге асыру; Мамандық бойынша пәндерді оқу және диплом жұмыстарын Москвада дайындау.
--------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоғам дамуының интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
21 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**067 "Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды стипендиямен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 140 940 мың теңге (жүз қырық миллион тоғыз жүз қырық мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 36 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, "2002 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 273-II Заңы, "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы, "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқып жатқандардың белгілі бір категорияларына мемлекеттік стипендия тағайындау және төлеу тәртібі жөніндегі нұсқауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ғылыми және ғылыми-педагогикалық

кадрларды кандидаттық диссертациясын дайындау ғылыми зерттеу жүргізу кезінде әлеуметтік тұрғыдан қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: аспиранттар мен докторанттардың тамаққа , тұратын жерге және оқу-әдістемелік еңбектер алуына кететін шығындарын төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 067 | | Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды стипендиямен қамтамасыз ету | Оқып жатқандардың белгілі бір категорияларына стипендия тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқауға сәйкес аспирантурада және докторантурада оқып жатқан 1182 адамға мемлекеттік стипендия төлеу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ғылым кандидаттары мен докторларын ғылыми зерттеу және диссертация дайындау кезінде стипендиямен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
22 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**068 "Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау"**

**республикалық бюджеттік бағдарламасының паспорты**

1. Құны: 69 804 мың теңге (алпыс тоғыз миллион сегіз жүз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 26 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, "Мемлекеттік білім беру гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1781 қаулысы , " 2001/2002 оқу жылында мемлекет ішінде жоғары білікті және екінші жоғары білімді кәсіби білім беру мамандарын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 мамырдағы N 738 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жоғары білім және ғылым салаларының жоғары білікті мамандарға деген қажеттілігін қанағаттандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, жоғары білікті кадрларға деген қазіргі талаптарды ескере отырып теориялық және арнайы дайындықты тереңдету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 068 | | Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау | Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогика. лық кадрларды даярлау, жоғары білікті кадрларға деген қазіргі талаптарды ескере отырып теориялық және арнайы дайындықты тереңдету. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоғамның мәдени және ғылыми байлықтарын көбейту және жинақтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
23 қосымша
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**091 "Еліміздің жоғары оқу орындарында кадрларды даярлауды**
**мемлекеттік білім беру несиесімен жабдықтау"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 2 760 282 мың теңге (екі миллиард жеті жүз алпыс миллион екі жүз сексен екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 13, 40 баптары, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру несиесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысы , "2001/2002 оқу жылында мемлекет ішінде жоғары білікті және екінші жоғары білімді кәсіби білім беру мамандарын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 мамырдағы N 738 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттің экономика және әлеуметтік салаларын жоғары білімді білікті мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қайтарылатын мемлекеттік несие негізінде оқып жатқан жоғары кәсіби білімді мамандарды сапалы даярлау; оқудың жаңа информациялық технологияларын енгізу; мемлекеттік білім беру несиелерін ұсынудың механизмін меңгеру стипендия алмайтын Қазақстан Республикасы азаматтарына оқу кезінде тамаққа және оқу-әдістемелік әдебиет алуға жұмсаған шығындарының бөлшегін өтеу үшін процентсіз несие ұсыну.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

```
---------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның!   Бағдарламаны   !Іске асыру! Жауапты
  !дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
  !лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі !          !
```

!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !
-------------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------------
091 Еліміздің жоғары оқу орындарында кадрларды даярлауды Мемлекеттік білім беру несиесімен жабдықтау

1 090 Мемлекеттік білім беру несиесі бойынша кадрлар даярлау — Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес өткізу; оқу, әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстары енгізілген білім беру қызметінің іске асырылуы; оқу процесін ұйымдастыру үшін мүмкіндік жасау; жылдық орташа контингент жоғары базалық және жоғары арнайы білім беру бағдарламасы бойынша 26343 студентке білім беру. — 2002 жыл бойы — Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

2 034 Мемлекеттің жоғары оқу орындарында кадрларды жаңа қабылдау үлгісімен даярлау — Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жыл сайын бекітілетін жоғары кәсіби және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі кәсіби білімді мамандарды даярлау жөніндегі мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес студенттерді қабылдау. Оқу процесін мемлекеттік білім беру стандартымен — Қыркүйек-желтоқсан 2002 жыл — Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

сәйкес өткізу; оқу әдістемелік, ғылыми, мәдени-ағарту жұмыстары енгізілген білім беру қызметінің іске асырылуы; оқу процесін ұйымдастыру үшін мүмкіндік жасау; жылдық орташа контингент жоғары базалық және жоғары арнайы білім беру бағдарламасы бойынша 3303 студентке білім беру.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 098 | Мемлекеттік студенттік несие тағайындау | Мемлекеттік студенттік несие тағайындау және төлеу тәртібімен сәйкес қайтару негізінде несие қаражатын бөлу. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоғам дамуының интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеру; кәсіби білім алуға қол жеткізу деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
24 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**102 "Жоғары оқу орындары студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 547 085 мың теңге (бес жүз қырық жеті миллион сексен бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 36 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: 1999 жылға дейін мемлекеттік оқу орындарына түскен студенттерді әлеуметтік тұрғыдан қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: студенттердің тамағына, тұратын жеріне және оқу процесін қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік еңбектер алуына жұмсалатын шығындарының бөлігін төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 102 | | Жоғары оқу орындары студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету | Оқып жатқандардың белгілі бір категорияларына стипендия тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқауға сәйкес 1182 студентке стипендия төлеу | | |
| 1 | | 035 | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет. інде оқитын студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқып жатқандардың белгілі бір категорияларына мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу тәртібі жөніндегі нұсқауға сәйкес стипендияларды төлеу. Жылдық орташа контингент 657 студентке стипендия төлеу. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |
| 2 | | 036 | Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқып жатқандардың белгілі бір категорияларына | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым |

университет. мемлекеттік стипендияны министрлігі
інде оқитын тағайындау және төлеу
студенттерді тәртібі жөніндегі нұсқауға
стипендиямен сәйкес стипендияларды
қамтамасыз төлеу. Жылдық орташа
ету. контингент 529 студентке
стипендия төлеу.

3 092 Мемлекет Мемлекеттік білім беру 2002 жыл Қазақстан
ішіндегі ұйымдарында оқып бойы Республика.
жоғары оқу жатқандардың белгілі бір сының Білім
орындарында категорияларына мемлекеттік және ғылым
оқитын стипендияны тағайындау және министрлігі
студенттерді төлеу тәртібі жөніндегі
стипендиямен нұсқауға сәйкес стипендия.
қамтамасыз ларды төлеу. Жылдық орташа
ету. контингент 15630 студентке
стипендия төлеу.

------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: студенттерді жоғары кәсіби білім алу кезінде әлеуметтік тұрғыдан қолдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
25 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**103 "Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын студенттерді**
**стипендиямен қамтамасыз ету"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 865 107 мың теңге (сегіз жүз алпыс бес миллион жүз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 36 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттерді әлеуметтік тұрғыдан қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: студенттердің тамағына, тұратын жеріне және оқу процесін қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік еңбектер алуына кететін шығындарының бөлігін төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 103 | | Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету | | | |
| 1 | | 035 | мемлекеттік тапсырыс рамкасындағы жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқып жатқандардың белгілі бір категорияларына мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу тәртібі жөніндегі нұсқауға сәйкес студенттерге мемлекеттік стипендияларды төлеу. Жылдық орташа контингент 4754 студентке стипендия төлеу. | 2002 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 2 | | 092 | Мемлекет ішіндегі жоғары оқу | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқып жатқандардың белгілі | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындарында оқитын студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету. | бір категорияларына мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу тәртібі жөніндегі нұсқауға сәйкес студенттерге мемлекеттік стипендияларды төлеу. Жылдық орташа контингент 21336 студентке бар маман даярлау. | | және ғылым министрлігі |
| 3 | 032 | Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы | Білім беру процесін қамтамасыз ететін академия қызметкерлерін оқу-тәрбие, мәдени-ағарту, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру үшін жағдайын жасау; білім беру бағдарламасы саласында ынтымақтасу. Жылдық орташа контингент 1034 студент оқыту, 269 өнер мамандарын даярлау. | 2002 жыл | Қазақстан бойы Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Т.К. Жүрге. нов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. |

----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоғам дамуының интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
26 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
--------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**215 "Қазақ ұлттық музыка академиясына негізгі құрал-жабдықтар сатып алу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының паспорты**

1. Құны: 5 000 мың теңге (бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 44 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-I Заңының 8 бабы, "Қазақ ұлттық музыка академиясын ашу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Оқу процесін жүргізу үшін Қазақ ұлттық музыка академиясын негізгі құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: оқу процесін ұйымдастыруды жақсарту үшін негізгі құрал-жабдықтар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 215 | | Қазақ ұлттық музыка академиясына негізгі құрал-жабдықтар сатып алу | Видеопроектор сатып алу - 1 дана<br>Көбейту құралы - 1 дана<br>Пианино - 5 дана | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақ ұлттық музыка академиясының материалды-техникалық базасын нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
27 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
--------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**216 "Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына негізгі құрал-жабдықтар сатып алу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 2 328 мың теңге (екі миллион үш жүз жиырма сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 44 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-I Заңының 8 бабы, "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1619 қаулысы , "Жекелеген жоғары оқу орындарының атауларын ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 892 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу процесін жүргізу үшін Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын негізгі құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: оқу процесін ұйымдастыруды жақсарту үшін негізгі құрал-жабдықтар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 216 | | Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына негізгі құрал-жабдықтар | Кеңселік комплект сатып алу - 10 дана; бейнекамера - 5 дана; фрезер станогі - 1 дана; жарық беру аппараты - 1 дана; | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

сатып алу микшар пульті - 1 дана;
компьютер - 5 дана.
----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының материалды-техникалық базасын нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
28 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**218 "Қаржы орталығының материалдық базасын дамыту"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 2 500 мың теңге (екі миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 44 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-I Заңының 8 бабы, "Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 1523 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: кадрларды даярлауды несиелеу процесі қызметтерінің функцияларын атқарып отырған мемлекеттік мекемелерді негізгі құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: кадрларды даярлауды несиелеу процесін сапалы қамтамасыз ету үшін негізгі құрал-жабдықтар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:
----------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !

| !коды | !коды! | атауы ! | іс-шаралар ! | ! | | ! |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ! | 2 ! | 3 ! | 4 ! | 5 ! | 6 ! | 7 |
| 1 | 218 | | Қаржы орталығының материалдық базасын дамыту | Компьютерлер сатып алу - 14 дана; ксерокс аппараттары - 10 дана; сейф - 1 дана | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қаржы орталығының материалды-техникалық базасын нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
29 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**220 "М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың Қазақстандағы филиалының қолдануына беру үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне активтер сатып алу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 44 510 мың теңге (қырық төрт миллион бес жүз он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 46 бабы, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі мен М.В.Ломоносов атындағы ММУ ректоры қол қойған Қазақстан Республикасында М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің филиалын ашу туралы Астана қаласында 2000 жылдың 9 қазанындағы хаттама.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу процесін ұйымдастыру үшін М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалын негізгі құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: талапқа сай материалдық базаны қалыптастыру мақсатында оқу-әдістемелік әдебиет пен негізгі құрал-жабдықтар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 220 | | М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың Қазақстан. дағы филиалына қолдануға беру үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне активтер сатып алу | 2 компьютер класын, дистанциялық білім беру үшін 2 комплект жабдық, 5 зертхана жабдықтарын, 1 комплект конференц жабдықтарын, 50 комплект оқу жиһаздарын, 4 компьютер, 4 монитор, 4 принтер, 1 сканер, 1 ксерокс, 1 тоңазытқыш, 2 факс, 5 телефон аппаратын, 2 сейф және оқу әдебиеттерін сатып алу. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: оқу процесін жүргізу үшін М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті Қазақстандағы филиалының материалдық-техникалық базасын құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
30 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**312 "Қазақ ұлттық музыка академиясының ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасының паспорты**

1. Құны: 10 000 мың теңге (он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары, " Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-I Заңының 8 бабы, "Қазақ ұлттық музыка академиясын ашу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақ ұлттық музыка академиясы ғимаратының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақ ұлттық музыка академиясының оқу ғимараттары мен жатақханаларын күрделі жөндеуден өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 312 | | Қазақ ұлттық музыка академиясының ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу | Бас оқу ғимаратының алдыңғы көрінісі мен жатақханаларына жөндеу жұмыстарын жүргізу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақ ұлттық музыка академиясы ғимараттарының жөндеу жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізу.

Қазақста Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы

N 189 қаулысына
31 қосымша
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**313 "Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 15 000 мың теңге (он бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары, " Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-I Заңының 8 бабы, "Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1619 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ғимараттарының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқу ғимараттары мен жатақханаларын күрделі жөндеуден өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 313 | | Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғимараттарын күрделі | Оқу ғимаратының терезелері мен есіктерін, еденнің жабуларын ауыстыру, оқу ғимараты қабырғаларының | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

жөндеуден сылағын жаңарту.
өткізу

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ғимараттарының жөндеу жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
32 қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**314 "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 66 117 мың теңге (алпыс алты миллион жүз он жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары, " Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-I Заңының 8 бабы, "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1619 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ғимараттарының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: оқу ғимараттары мен жатақханаларды күрделі жөндеуден өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

-----------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !
!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !
-----------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
------------------------------------------------------------------------

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 314 | | Құрманғазы атындағы Қазақ консер. ваториясы ғимараттарын | Оқу ғимаратының төбе жабындыларын, алдыңғы көрінісі мен сыртқы қабырғаларын жөндеу, сылақты жаңарту. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі күрделі жөндеуден өткізу |

------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ғимараттарының жөндеу жұмыстарын уақтылы және сапалы жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
33-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**316 "Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының**
**Үлкен музыкалық аспаптар залын қайта жаңғырту"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**паспорты**

1. Құны: 50 000 мың теңге (елу миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының Үлкен музыкалық аспаптар залының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Үлкен музыкалық аспаптар залын қайтадан қалпына келтіру жұмыстарын кейіннен жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 316 | | Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының Үлкен музыкалық аспаптар залын қайта жаңғырту | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу <*> | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Үлкен органдық залын қайта жаңартудың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу. <*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
34-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 007 "Орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 324215 мың теңге (үш жүз жиырма төрт миллион екі жүз он бес мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 8, 13, 29 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; " Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды өткізу тәртібінің Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысы ; "Білім" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы ; "Білім алу кезеңінде көмекті қажет ететін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" қаулысы ; " Жолаушылар мен жүк тасымалдаудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру Тұғырнамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 594 қаулысымен бекітілген 2000 жылға арналған Қазақстан Республикасының Көлік қауіпсіздігінің деңгейін көтеру жөніндегі ведомствоаралық шаралары жоспарының 1 бөлімінің 11-тармағы; "Жолаушылар мен жүк тасымалдаудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1962 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жеке адамның интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік даму сұраныстарын, қалаған кәсіптік қызметі бойынша орта кәсіптік білім және мамандық алуын қанағаттандыру қоғамның орта кәсіптік білімі бар білікті мамандарға деген әлеуметтік-экономикалық сұранысын қанағаттандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ел үшін аса маңызды мәні бар орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандар даярлау. Азаматтыққа тәрбиелеу, оқушыларды жалпыұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтарға жақындастыру, сондай-ақ олардың мәдени, қоғамдық, экономикалық, саяси өмірге араласу сұранысын ояту. Қазақ халқының және өзге де халықтар мен ұлыстардың мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрін зерттеуіне жағдай жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
----------------------------------------------------------------------
N  !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның!        Бағдарламаны       !Іске  асыру!  Жауапты
   !дар.!дар.!  (шағын  бағ.  !  (шағын  бағдарламаны)  !мерзімдері!орындаушылар
```

!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !
!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !

---

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 007 | | Орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарға байланысты оқу процесін жүргізу. Оқу, әдістеме, мәдени -ағарту жұмыстарымен қоса білім беру қызметін жүзеге асыру. Білім беру бағдарлама. ларын жетілдіру, оқытудың жаңа ақпараттық технология. ларын енгізу. Оқу процесін ұйымдастыруға жағдай жасау. Оқушыларды жыл сайын Қазақстан Республикасының қаулысымен бекітілген орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес қабылдау. Орташа жылдық оқыту құрамы - 2496 оқушы. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік және халықаралық стандарттар талаптарына жауап бере алатын, еңбек рыногінде бәсекелестік қабілеті бар білікті мамандар оқытып шығару, азаматтыққа тәрбиелеу оқушыларды жалпыұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға жақындастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы

N 189 қаулысына
35-қосымша
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 010 "Біліктілікті көтеру және кадрларды қайта даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 196383 мың теңге (жүз тоқсан алты миллион үш жүз сексен үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8, 21, 27 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 766 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім беру, спорт және дене шынықтыру мамандарының кәсіптік білімі мен дағдысын тереңдету, консультативтік әдістемелік көмек көрсету. Аймақтық білім беру жүйесін және оқу орындарын басқарудың сапасын арттыру, жаңа буын оқулықтарын енгізу, мектеп мұғалімдерінің компьютерлік сауатын қамтамасыз ету, 12 жылдық мектептік оқуға көшуге кадрлар даярлау, мұғалімдер мен оқытушылардың білім беру ұйымдарындағы жұмысқа кәсіптік және психологиялық-педагогикалық дайындық сапасын көтеру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: білім беру ұйымдарының басшы кадрлар мамандарының, мұғалімдері мен педагогтарының мамандығы мен қайта дайындығын көтеру жөніндегі білім беру міндеттерін қамтамасыз ету, озық педагогикалық тәжірибені және отандық психологиялық-педагогикалық ғылым мен практикалық жетістіктерін насихаттау және тарату. Тілдерді дамыту туралы заң, орта білім беру ақпараты, 12 жылдық білім беруге көшу, жаңа буын оқулықтарын енгізу мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру. Тыңдаушыларды білім, спорт және дене шынықтыру саласындағы отандық және шетелдік барлық ең жаңа ақпараттық материалдармен

қамтамасыз ету.

Мемлекеттік жоғары оқу орындары оқытушыларының жаратылыс тану-ғылыми, гуманитарлық-әлеуметтік, педагогикалық мамандықтары бойынша, сервис, экономика және басқару техникалық, пәнаралық, ветеринарлық мамандықтары және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
------------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның!      Бағдарламаны      !Іске асыру!  Жауапты
  !дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
  !лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі !          !
  !коды!коды!    атауы    !      іс-шаралар      !          !
------------------------------------------------------------------------
1 ! 2  ! 3 !      4      !           5          !    6     !     7
------------------------------------------------------------------------
1    010        Біліктілікті  - Біліктілікті арттыру Бекітілген Қазақстан
             арттыру және  және кадрларды қайта   жоспар    Республика.
             кадрларды     даярлау (мерзімі - 5  бойынша    сының Білім
             қайта даярлау күн, 1, 2, 3 апталық   2002 жыл   және ғылым
         030 Мемлекеттік   курстар):              бойы      министрлігі
                           білім беру        - компьютерлерді
                           ұйымдарында       пайдаланудың қазіргі
                           біліктілікті      әдісін үйрету, пән
                           арттыру және      оқытушыларын жаңа буын
                           кадрларды         оқулықтары, мектеп алды
                           қайта даярлау     дайындықтарының
                                             мәселелері, спорт және
                                             дене шынықтыру бойынша
                                             оқыту; жаңа оқу
                                             бағдарламасына көшу
                                             интеллектісі бұзылған
                                             арнаулы (коррекциялық)
                                             мектептерде қазақ
                                             тілінің жаңа
                                             бағдарламасын таныстыру;
                                             мектеп психологы
                                             жұмысының мазмұны мен
                                             әдісі; аудандық
                                             (қалалық) білім беру
                                             жүйесін басқарудың
```

теориясы, технологиясы және практикасы, т.б. - мемлекеттік жоғары оқу орындары оқытушыларының жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық-әлеуметтік, педагогикалық мамандықтар бойынша, сервис, экономика және басқару техникалық, пәнаралық, ветеринарлық мамандықтар және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша біліктілігін арттыру. Тыңдаушылардың орташа саны жылына 13000 адамды құрайды. Білім беру саласында тарихи мұраны сақтау.

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жыл бойы кадрлар даярлау және қайта даярлау, білім беру, спорт және дене шынықтыру саласында әзірленген және енгізілген жобалар мен бағдарламаларға ғылыми-әдістемелік сараптама жүргізу. Озық тәжірибенің жаңа, ғылым мен техниканың отандық және шетелдік жаңа жетістіктерін білім, спорт және дене шынықтыру жүйесіне енгізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
36-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 031 "Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 473335 мың теңге (төрт жүз жетпіс үш миллион үш жүз отыз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 3, 18 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дарынды балаларды іздестіру олардың оқуға және өзінше білім алуына, қоршаған әлемге гумандық көзқарасын қалыптастыруға, жеке адам ретіндегі адамгершілігіне тұрақты негіздеме жасау жан-жақты жетілген үйлесімді адам тәрбиелеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының әр түрлі аймақтарындағы дарынды балаларды оқыту. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламасының салалық пәндері бойынша оқушыларды тереңдете даярлау. Жеке бастың индивидуалдық бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Оқушыларды олимпиадаларға қатысуға, жоғары оқу орындарына түсуге дайындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 031 | | Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау | | | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |
| | | 030 | Шымкент республикалық | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру | 2002 жыл бойы | Шымкент республикалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | әскери мектеп -интернаты | стандарттарына сәйкес салалық пәндерді тереңдете оқыта отырып оқу процесін жүргізу. Оқушылардың орташа саны - 400. | әскери мектеп -интернаты |
| 031 | Қарағанды республикалық әскери мектеп -интернаты | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес салалық пәндерді тереңдете оқыта отырып оқу процесін жүргізу. Оқушылардың орташа саны - 450. | 2002 жыл Қарағанды бойы республикалық әскери мектеп -интернаты |
| 032 | Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп -интернаты | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес салалық пәндерді тереңдете оқыта отырып оқу процесін жүргізу. Оқушылардың орташа саны - 450. | 2002 жыл Б. Момышұлы бойы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп -интернаты |
| 033 | А. Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интер. наты | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес салалық пәндерді тереңдете оқыта отырып оқу процесін жүргізу. Оқушылардың орташа саны - 445. | 2002 жыл А. Жұбанов бойы атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп- интернаты |
| 034 | Ө. Жәутіков атындағы республикалық математикалық мектеп- интернаты | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес салалық пәндерді тереңдете оқыта отырып оқу процесін жүргізу. Оқушылардың орташа саны - 984. | 2002 жыл Ө.Жәутіков бойы атындағы республикалық математикалық мектеп- интернаты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 035 | Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республикалық мектеп-интернаты | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес салалық пәндерді тереңдете оқыта отырып оқу процесін жүргізу. Оқушылардың орташа саны - 370. | 2002 жыл бойы Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республикалық мектеп-интернаты |
| 036 | К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық мамандандырыл. ған орта мектеп-интернаты | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес салалық пәндерді тереңдете оқыта отырып оқу процесін жүргізу. Оқушылардың орташа саны - 481. | 2002 жыл бойы К.Байсейіто. ва атындағы дарынды балаларға арналған республикалық маманданды. рылған орта мектеп-интернаты |

----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының мүддесін қорғауға қабілетті, күш-қуаты шыныққан терең білімді адам даярлау және қалыптастыру. Оқушылардың жеке дара бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Оқушыларды республикалық олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуға, жоғары оқу орындарына түсуге дайындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
37-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
--------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 024 "Ақпараттың жалпы қол жетімділігін қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10816 мың теңге (он миллион сегіз жүз он алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 7, 30 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 14, 23 баптары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мүмкіндіктерді пайдаланушылардың қалың көпшілігі алдында барынша көрінерліктей жағдай жасау. Педагогика және білім бойынша құжаттардың толық ұлттық қорын қалыптастыру ақпараттық қызметті жеделдету, білім беру жүйесінің кітапханалары үшін әдістемелік және үйлестіру орталығының міндетін атқару.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: отандық ғылымның, білім берудің, білім және тәрбие берудегі озық тәжірибенің, сондай-ақ оқу әдістемелік, ғылыми-көпшілік және көркем әдебиеттердің жетістіктері туралы ақпаратты насихаттау. Мамандарға жан-жақты ақпараттық-библиографиялық және қызмет көрсету жолымен республика ғылымы мен білімінің дамуына белсенді көмек көрсету. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің барлық кітапханаларына ғылыми-әдістемелік басшылық жасау Республикадағы кітапханатану бойынша ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 024 | | Ақпаратқа жалпы қол жетімділікті қамтамасыз ету Республикалық ғылыми-педагогикалық | Мамандарға ақпараттық библиографиялық және кітапханалық қызмет көрсету. Мекеменің белгіленген штат санының шегінде ұстау - 37 бірлік. Қазақстан Республикасы | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Республикалық ғылыми-педагогикалық |

| | | |
|---|---|---|
| кітапхана | білім беру жүйесінің барлық кітапханаларына ғылыми-әдістемелік басшылық жасау. Республиканың кітапханатану жөніндегі ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысу. | кітапхана |
| | Семинарлар, курстар, дәрістер, әңгімелер және практикалық сабақтар өткізу. | Бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес |

---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: абоненттер сұранысын барынша қанағаттандыру. Білім ұйымдарының кітапханаларға әдістемелік басшылығы (курстар, семинарлар, практикалық сабақтар ұйымдастыру).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
38-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2002 жылға арналған 037 "Білім беру саласындағы қолданбалық ғылыми зерттеулер" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 32975 мың теңге (отыз екі миллион тоғыз жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 9-бабы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім беру жүйесін жетілдірудің теориялық-әдістемелік негізін жасау, ғылыми-педагогикалық қамтамасыз етуді әзірлеу,

реформалау үрдісін, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беру қызметін дамытуды ғылыми және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау, педагогикалық ғылымның жемісті өзегін сақтау әрі дамыту, оның республиканың әлеуметтік экономикалық жағынан дамуындағы рөлін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беру қызметін дамытуды ғылыми және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау, педагогикалық ғылымның жемісті өзегін сақтау әрі дамыту, оның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін арттыру, Президент Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2030" жолдауы аясындағы білім беру және жастар саясаты.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Білім беру саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Бағдарламалар: 01-Қазақстан Республикасында жалпы білім берудің мазмұнын жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздері: - Қазақстан Республикасында шағын мектептерді дамытудың тұғырнамалық негіздерін әзірлеу (шағын мектепте білім беру процесін жетілдірудің негізгі бағыттары, инновациялық үрдістер, шағын жинақталған мектепте білім берудің жаңа технологияларын пайдалану жөніндегі ұсынымдар), | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. |

- оқушыларды вариативтік даярлау жағдайларында білім беру процесін ұйымдастырудың дидактикалық шарттарын анықтау (білім беру мекемелерінің әр түрлі үлгілеріне арналған базистік және үлгілік оқу жоспарлары), жалпы білім берудің баршаға міндетті Мемлекеттік стандартының жалпы жағдайы, (салалық емес пәндер мазмұнын ықпалдастырудың негіздемесі),

- мектепке дейінгі тәрбие және білім берудің, мектептің бастауыш, негізгі және жоғарғы сатысына арналған оқу пәндерінің стандарттарын жетілдіру,

- мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілетін дамытудың ғылыми-педагогикалық негізін әзірлеу,

- жалпы білім беру мектептердегі оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендерге қойылатын талаптар жиынтығын анықтау,

- оқу пәндерін үйретудің жаңа әдістемелік

жүйесінің процессуалдық оңайлату жағдайларын анықтау (жеке пәндердің мазмұнын ұқтырудың әдістері, нысандары),
- Оқыту технологиясын ақпараттандырудың педагогикалық негіздерін әзірлеу.
02-Үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесінің дамуын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету:
- кәсіптік білімі бар кадрлар даярлаудың сапасын бағалау жүйесін әзірлеу (еңбек рыногында кәсіпкер кадрларға сұранысты болжамдау әдістемесін енгізу жөніндегі ғылыми-әдістемелік ұсынымдар),
- кәсіптік бастауыш білім үшін стандарттар мен дидактикалық кешендер әзірлеу (жаңа стандарттарға бейімделген оқу-әдістемелік кешендер),
- кәсіптік білім беру мен деректер базасының модульдық технологиясын әзірлеу (оқушыларды сабақтас кәсіпке және ықпалдас мамандыққа үйрету жөніндегі педагогикалық

технологиялар),
- мәдениеттану білімнің тұжырымдамасын іске асыру үшін оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу,
- бұқаралық мамандық иелерін даярлау үшін оқытудың электрондық құралдарын әзірлеу (электрондық оқулықтар, дидактикалық материалдар, тестілік сұрақтар).
03 - Қазақстан Республикасы мектептерінің оқушыларын экономикалық білім беру ғылыми-әдістемесімен қамтамасыз ету:
- Қазақстан Республикасының мектептерінде экономикалық білім берудің инварианттық және вариативтік компоненттерін әзірлеу (мектептегі экономикалық білімнің құрамы мен құрылымы).
Әзірленген ғылыми-қолданбалық тақырыптар саны - 3.
---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасында жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру қызметіне ғылыми-педагогикалық жағдайлар. Тақырыптардың соңы: "Қазақстан Республикасында жалпы білім беру мазмұнын жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздері", "Үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін дамытуды ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету", "Білім беру саласындағы қолданбалық ғылыми зерттеулер" бағдарламасы бойынша "Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беру мектептерінің оқушыларына экономикалық білім беруді ғылыми-педагогикалық қамтамасыз ету".

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
39-қосымша
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2002 жылға арналған 038 "Республикалық мектеп эксперименттері мен олимпиадаларын өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 51380 мың теңге (елу бір миллион үш жүз сексен мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18-бабы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дарынды балалар мен жастарды іздеп табу, іріктеу, қолдау, дамыту және жоғары білім алуын қамтамасыз ету жүйесін жасау, қазіргі өркениеттің түбірімен көшетін жаңа жағдайында өзінше ойлап іс қылуға қабілеті жететін шығармашыл тұлға тәрбиелеу, дарынды балалар мен жастардың әлеуметтік, құқықтық, және интеллектуалдық қорғалуын қамтамасыз ету, интеллектуалдық мүмкіндігін қалыптастыру. Қазақстан Республикасындағы жеке бастың дарындылығын дамыту инновациялық білім беру технологиялары саласында халықаралық ынтымақтастықты өрістету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: білім беру мекемелерінің дарынды әлеуметтік, психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау жөніндегі қызметін реттеп отыратын құқықтық базасын әзірлеу дарынды балалар мен жастарды іздестіру, тәрбиелеу, оқыту және қолдау жөніндегі практикалық қызметті дамыту үшін басқару жүйесін құру; оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандырып отыру; дарынды балаларды табуға жағдай жасау, оқушыларды халықаралық олимпиадаларға, жарыстарға, конкурстарға қатысуға іріктеу және дайындау жаңа білім беру технологияларын әзірлеу және іске асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | | Республикалық мектептік эксперименттер және олимпиадалар өткізу | - Іс шаралар ұйымдастыру;<br>- Халықаралық Менделеев олимпиадалары;<br>- Жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиадалар мен жарыстар;<br>- Оқушылардың жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық олимпиадасы;<br>- Оқушылардың ғылыми жобалар бойынша ұлттық жарыстары;<br>- Ғылыми жобалардың халықаралық жарыстары;<br>- Дарынды балалар мен олимпиадалық резервтерді оқыту жөнінде салалық ауысым өткізу;<br>- Жеті пән бойынша дарынды балаларды селолық жерлерден және алыс түкпірлерден іздеп табу;<br>- Ғылыми-әдістемелік семинарлар, курстар және конференциялар;<br>- Эксперименттік ғылыми- | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. |

зерттеу жұмыстар. Өткізілетін іс-шаралар саны орта есеппен - 25.

-------------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: дарынды балалар мен жастарды іздеп табу, дайындау және республикалық, халықаралық олимпиадалар мен жарыстарға қатыстыру. Қазақстан Республикасындағы жеке бастың дарындылығын дамыту инновациялық білім беру технологиялары саласында халықаралық ынтымақтастықты өрістету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
40-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

----------------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 039 "Әдістеме құралдарын әзірлеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 37110 мың теңге (отыз жеті миллион жүз он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 6-бабы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен 1997 жылғы 22 қыркүйекте бекітілген N 3645 Қазақстан Республикасы Президентінің "Орта білімді ақпараттандыру жүйесі" Мемлекеттік бағдарламасы; " Мемлекеттік білім және тестілеу стандарттарының Ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 88 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарында студенттер контингентін құрудың жаңа үлгісі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысы ; "Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысы ; " Ұлттық ғылыми-практикалық денешынықтыру орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19

мамырдағы N 766 қаулысы ; "Ғылым" ғылыми-баспа орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 қаңтардағы N 88 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім берудің жалпығаламдық тенденцияларын ескере отырып барлық деңгейдегі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын құру және енгізу, студенттер контингентін құрудың және білімді басқару жүйесінің жаңа үлгісін жетілдіру. Денешынықтыру және спорт саласындағы ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру, алынған бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдар және оқу құралдары түріндегі нәтижелерді тарату. Жалпы орта білімді қамтамасыз ететін ұйымдар оқу процесінің ақпараттық ғылыми-әдістемелік кешенін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: оқу-әдістемелік кешендер дайындауды қамтитын білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа ақпараттық оқу технологияларын қолдану проблемалары бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізу. Орта мектептер үшін ақпараттың әр түрлі таратушысы арқылы базалық және арнайы информатика дайындау бойынша оқу-әдістемелік әдебиет әзірлеу, бейімдеу және жолға салу, оқу үрдісінің сапасын бақылайтын жаңа технологиялар әзірлеу және енгізу. Білім басқарудың ақпараттық жүйесін әзірлеу, енгізу және өрістету, оқуға арналған бағдарламалық жүйе қорын құру, тестілеу теориясы мен әдістемесі бойынша ғылыми әдістемелік зерттеулер жүргізу, білім беру мен оқу-бағдарламалық құжаттардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының сақталуын әзірлеу және талдау. Оқу орындарын аттестациялау үшін сараптама жұмыстарын жүргізу студенттер контингентін конкурстық құрастырудың жаңа үлгілерін енгізу денешынықтыру және спорт бойынша бағдарламалар ұсынымдар әзірлеу. Республика білім ұйымдарында 12 жылдық оқу мектептерінің бастапқы сатыларының үлгісін сынау бойынша эксперименттік жұмыстар бағдарламасын іске асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 039 | | Әдістемелік оқу құрал. дарын әзірлеу | - Әдістемелік материал. дар, ғылыми-әдістемелік әдебиет және қоғамдық- | Бекітілген тақырыптық жоспарға | Қазақстан Республика. сының Білім |

гуманитарлық және сәйкес және ғылым
жаратылыс математикалық 2002 жыл министрлігі
бағыттар бойынша білім бойы
стандарттарын, оның ішінде жоғары білім бойынша 250-ге жуық мемлекеттік стандарттар әзірлеу;
- Қазақстан Республика. сының 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасын әзірлеу;
- 12 жылдық оқу үлгісін сынау бойынша білім беру ұйымдарында эксперименттік жұмыстар бағдарламасын әзірлеу;
- эксперименттік білім ұйымдары бойынша және білім жүйесінің жұмысына осындай шолу жасаудың әлемдік тәжірибесі бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;
- мұғалімдердің жаңалықтар енгізу жағдайындағы жұмысы бойынша, педагогикалық эксперимент ұйымдастыру бойынша бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;
- оқу-әдістемелік құралдарын, әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу және жетілдіру, дене шынықтыру тәрбиесінің бағдарламасын әзірлеу;
- қағазбен тасымалданатын,

CD-дискілердегі, бейне. кассеталардағы оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу;
- мониторинг, білім беру ұйымдарында оқитындардың білім сапасына бақылау және талдау, олардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкестігі;
- орта есеппен оқу-әдістемелік құралдардың 135 атауы, электрондық оқулықтарды пайдалану бойынша дидактикалық материалдардың 220 атауы әзірленеді.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: оқу-әдістемелік құралдарды сабақ берудің қазіргі практикасына көшіруді әзірлеу және енгізу білім ұйымдарындағы оқу деңгейінің сапасын жақсартады. Жаңа ақпараттық технологияларды ескере отырып қағаздардағы, CD дискілеріндегі, бейнекассеталардағы жаңа оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу және енгізу. Денешынықтыру және спортты дамытатын жаңа ақпараттық технологияларды ескере отырып оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу және енгізу, мұның өзі денешынықтыру мен спортты тиімді дамытуға алып барады. Студенттер білімін бағалауды әдістемелік, ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
41-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

---

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**044 "Арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыру"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 26301 мың теңге (жиырма алты миллион үш жүз бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 20-бабы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Ақыл-есінің немесе бой бітімінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту республикалық орталығын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 наурыздағы N 305 қаулысы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 сәуірдегі N 604 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білімге, кәсіптік дайындыққа және әлеуметтік бейімделуге қол жеткізу үшін мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы білім беру бағдарламасымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: даму мүмкіндіктері шектеулі, дамуында проблемалары бар балаларды қарап шығу, консультация беру. Туғанынан кәмелетке толғанынша дамуында проблемалары бар балаларға коррекциялық-оңалту және емдеу-сауықтыру көмегін көрсету. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың интеллектуалдық және психофизиологиялық мүмкіндіктерін дамыту. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 044 | | Арнайы білім беру бағдар. ламасын іске асыру | - Жеке дара, бірыңғай коррекциялық даму бағдарламасын әзірлеу;<br>- емдеудің практикалық үлгісін жасау; | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, |

030 Жетілуінде - дамуында проблемалары Дамуында
проблемасы бар балаларды іздестіру проблемалары
бар балалар және іріктеу; бар балалар
мен жасөс. - облыстық психологиялық мен жасөспі.
пірімдерді -медициналық-педагогикалық рімдерді
әлеуметтік консультацияларға әлеуметтік
бейімдеу және практикалық көмек көрсету; бейімдеу және
кәсіби еңбек. - диагностика, зерттеу, кәсіби
пен оңалту сабақтар өткізу; еңбекпен
Республикалық - консультация беру балаларды оңалту
ғылыми- арнайы оқыту; Республикалық
тәжірибе - ғылыми-практикалық ғылыми
орталығы тәжірибені жинақтау және тәжірибе
тарату; орталығы
- әр саланың психологиялық-
медициналық-педагогикалық
консультациялар мамандары
үшін біліктілік арттыру
курстарын өткізу;
- ғылыми-әдістемелік жұмыс;
- мекемені штаттық санның
лимиті шегінде ұстау - 132
бірлік.
Орта есеппен жылына
қабылданатын балалар - 1788.
---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жаңа психодиагностикалық және консультациялық озық технологияларды игеру әрі енгізу. Ерте жастан балалар психикасының даму скринингін ұйымдық-нормативтік қамтамасыз етуді әзірлеу. Ерте жастан емдеу бағдарламасын іске асыру. Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде Қазақстан Республикасы бойынша дамуында проблемасы бар балаларды статистикалық есепке алудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
42-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**048 "Балалармен мектептен тыс іс-шаралар өткізу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 194603 мың теңге (жүз тоқсан төрт миллион алты жүз үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 19-бабы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы ; "Балдәурен" республикалық балалар сауықтыру лагері" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 карашадағы N 1679 қаулысы ; " Қазақстан Республикасында "Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 462 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің сауығуын, демалысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру және жеке бастың танымдық және шығармашылық негіздеуін дамыту жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының әр түрлі облыстарындағы тұрмысы төмен және көпбалалы отбасыларының балаларын оқыту, демалысын ұйымдастыру, балаларды қосымша жетілдіру білім беру бағдарламасын іске асыру, республиканың мектептен тыс ұйымдарының жұмысын үйлестіру Қазақстан Республикасының дарынды балалары үшін оқу-сауықтыру шараларын ұйымдастыру, музыка саласында дарынды балаларды іздестіріп табу, республика оқушылары үшін бұқаралық іс-шаралар өткізу, химия, математика, экология бойынша республикалық сырттан оқыту мектептерінің жұмысын ұйымдастыру, республикалық

конкурстар, көрмелер өткізу. Мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің кешенді спорттық шараларын өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдар. лама коды | Бағдар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 048 | | Балалармен мектептен тыс іс-шаралар өткізу | - Президенттік Жаңа жылдық шырша; - Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының дарынды балалармен кездесуі; - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің дарынды балалармен кездесуі; - музыкалық колледждер оқушылары жас орындаушыларының Республикалық XXIII конкурсы; - Қазақстан Республикасы балалар өнер мектептері шекті-ыспалы, үрлемелі және дабылды бөлімдері жас музыканттарының Республикалық XXXVI фестиваль-конкурсы; - Мектепте тыс ұйымдар директорларының өскелең ұрпақты тәрбиелеу проблемалары бойынша үйлестіру кездесуі; - үйірмелер, ғылыми- | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. |

практикалық конференциялар, форумдар, көрмелер өткізу, сырттан оқыту мектептерінде балаларды жаратылыс тану - математикалық және гуманитарлық бағыттар бойынша оқыту және өзге де мектептен тыс мәдени шаралар;
- оқушылар арасында республикалық спартакиадалар өткізу;
- сауықтыру демалыстарын; оқулар ұйымдастыру.
Қосымша білім беру ұйымдарына балалардың жылдық орташа қатысуы - 4000.

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: өскелең ұрпаққа интеллектуалдық даму үшін оңтайлы жағдайлар жасау, олардың мүддесін, бейімдігін және дарынын, өз кәсіптік орнын табуын, саналы демала білуін қанағаттандыру. Балалар мен жасөспірімдердің шұғылданушылығын көтеру, қосымша білім беру ұйымдарында оқитын балалардың санын көбейту. Өскелең ұрпақ арасында құқық бұзушылықты азайту, денсаулығын сақтау және нығайту, оқушылардың халықаралық жарыстарда жеңістерге жетуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
43-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**058 "Мектеп кітапханалары үшін әдебиет сатып алу және жеткізу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 137199 мың теңге (жүз отыз жеті миллион жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 30, 33, 36 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мектеп кітапханаларын оқу-анықтамалық, қоғамдық-көпшілік және көркем әдебиетпен толықтыру.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: қазіргі талаптарға жауап бере алатын оқу-анықтамалық, көркем, қоғамдық-көпшілік және энциклопедиялық сөздіктер сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 058 | | Мектеп кітапханалары үшін әдебиеттер сатып алу | Мектеп кітапханалары үшін әдебиет тізбесін құрастыру, мектептер тізбесін анықтау. 183 атаулы оқу-анықтамалық, көркем әдебиет, қоғамдық-көпшілік және энциклопедиялық сөздіктер әдебиетін сатып алу және жеткізу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: орта білім ұйымдарының мектеп кітапханаларын көркем әдебиетпен, энциклопедиялармен, сөздіктермен, тарихи және ғылыми-көпшілік әдебиетімен толықтыру оның ішінде қазақ тілінде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
44-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**061 "Жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 235420 мың теңге (екі жүз отыз бес миллион төрт жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 30-бабы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Шет елде тұратын отандастарымызды Мемлекеттік қолдау бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің мақсатты бағдарламасын дайындау және басып шығару туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім стандарттарының талаптарына сәйкес сапалы оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу және қамтамасыз ету, оқу процесін жаңа буын оқулықтарын енгізу материалды оқушының жеке басымен және практикалық қызметпен үйлестіре отырып саралау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беру мектептерінің 5-11 сыныптары үшін және өзбек, ұйғыр тілдерінде оқытатын мектептерінің 5-11 сыныптары үшін қосымша тізбе бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу. Жаңа буын оқулықтарын шығару және оларды шет елдердегі республикалық мекемелердің оқу процесіне енгізу. Өзбек тілінде оқытатын мектептердің 5-9 сыныптары үшін жаңа буын оқулықтарын және мектепалды даярлық оқу құралдарын өзбек тіліне аудару. 12 жылдық оқуға көшуге байланысты қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беру

мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жетілдіре түсу. Республикалық мекемелердің 7-11 сыныптары үшін және алыс шетелде тұратын қандастар үшін қорландыру циклі бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін басып шығару. Мектепалды оқу құралының сынама таралымын басып шығару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 061 | | Жалпы орта білім беру мекемелерінің оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету. | Мектеп даярлығы үшін оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының сынама таралымын басып шығару | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| | | 032 | Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және шетелдердегі республикалық мекемелердің оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету. | және республиканың тірек мектептеріне жеткізу, - шетелдегі республикалық мекемелердің 2-6 сыныптары үшін жаңа буын оқулықтарын басып шығару, - өзбек тілінде оқытатын мектептердің 5-9 сыныптары үшін жаңа буын оқулықтарын және мектепалды оқу құралдарын өзбек тіліне аудару, - республикалық мекемелердің 7-11 сыныптары үшін алыс шетелде тұратын қандастарымыз үшін қорландыру циклі бойынша | | |

оқулықтар мен оқу-
әдістемелік кешендерін
басып шығару,
- мектепалды оқу
құралдарының сынама
таралымын басып шығару.
---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жыл аяғында оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің 2020 атауы әзірленіп, басып шығарылады. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беру мектептерінің 5-11 сыныптары үшін, өзбек және ұйғыр тілдерінде оқытатын мектептердің 5-11 сыныптары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің қосымша тізбесін әзірлеу оқулықтардың жаңа буынын басып шығару және шетелдегі республикалық мекемелердің оқу процесіне енгізу. Оқулықтардың жаңа буынын өзбек тілінде оқытатын мектептердің 5-9 сыныптары үшін өзбек тіліне аудару. 12 жылдық оқуға көшуге байланысты қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беру мектептерінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері жетілдіріле түседі. Республикалық мекемелердің 7-11 сыныптары үшін және алыс шетелде тұратын қандастар үшін қорландыру циклі бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін басып шығару. Мектепалды оқу құралының сынама таралымын басып шығару.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
45-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**063 "Арнайы коррекциялық балалар мекемелеріне арналған жаңа буын оқулықтарын әзірлеу, шығару және жеткізу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 88000 мың теңге (сексен сегіз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 18, 20, 30 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет

туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 сәуірдегі N 604 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: арнайы коррекциялық білім беру мекемелерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: арнайы коррекциялық білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз ету оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және жасау. Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарына сәйкес оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиетті бейімдеу мақсатымен Ресей баспаларының оқу әдебиетіне мүліктік құқығын сатып алу. Жанарында кемістігі бар балаларға арналған мектептерді зағиптар үшін Брайл қарібімен, нашар көретіндер үшін ірі баспа қаріптерімен басылған Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептеріне арналған жаңа буын оқулықтарымен қамтамасыз ету. Оқулықтарды орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне аудару. Оқулықтарды және оқу-әдістемелік материалдарды басып шығару, қайта шығару және арнайы коррекциялық білім беру мекемелеріне жеткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 063 | | Арнайы коррекциялық балалар мекемелеріне жаңа буын оқулықтарын әзірлеу, басып шығару және жеткізу | - Оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарын басып шығару, - оқу-әдістемелік әдебиеттерді қайта басып шығару, - зағиптар үшін Брайл қарібімен, нашар көретіндер үшін ірі баспа қаріптерімен Ресейде оқулықтар шығару, | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. |

- арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымдары үшін оқулықтар әзірлеу және басып шығару,
- оқулықтарды орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне аудару,
- жалпы білім беру стандарттарына сәйкес Ресей оқулықтарына бейімделу үшін Ресей баспаларынан оқу-әдебиетінің мүліктік құқығын сатып алу,
- арнайы (коррекциялық) мекемелерге оқулықтар жеткізу.
Коррекциялық мекемелер саны - 104, ондағы балалар саны - 24000.
---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бағдарламаны іске асыру нәтижесінде арнайы (коррекциялық) мекемелер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес төлтума оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиетке және бейімделу оқулықтарына ие болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
46-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған**
**064 "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары үшін**
**арнаулы пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік**

**кешендерін әзірлеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 138600 мың теңге (жүз отыз сегіз миллион алты жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 30-бабы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы, "Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білімді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беру ұйымдары үшін арнаулы пәндер бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеудің және басып шығарудың Жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 409 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: арнаулы пәндер бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер жасау және әзірлеу саласында бірыңғай саясат белгілеу және олармен бастауыш және кәсіптік білім беру жүйесін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: арнаулы пәндер бойынша бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының оқулықтарын, оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 064 | | Бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары үшін арнаулы пәндер әзірлеу. | 32 бағыт бойынша оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі бойынша оқулықтар мен |

о қ у - ә д і с т е м е л і к
к е ш е н д е р і н
ә з і р л е у
-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім Классификаторына сәйкес оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу.

Қ а з а қ с т а н  Р е с п у б л и к а с ы  Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2  ж ы л ғ ы  9  а қ п а н д а ғ ы
N  1 8 9  қ а у л ы с ы н а
47-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
--------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 207 "Шымкент республикалық әскери мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1175 мың теңге (бір миллион жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 44 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу процесін жүргізу үшін Шымкент республикалық әскери мектеп-интернатын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Шымкент республикалық әскери мектеп-интернатында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
-----------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар

!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !
!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !
---------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
---------------------------------------------------------------------

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 207 | Шымкент республикалық мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу. | Қазан (160 литрлік), ас үй жабдықтарын (2 дана), электростанция, су жылытқыштар сатып алу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Шымкент республикалық әскери мектеп-интернаты |

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Шымкент республикалық әскери мектеп-интернатының материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
48-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
--------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 208 "Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1500 мың теңге (бір миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 44 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу үрдісін жүргізу үшін Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 208 | | Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу | 2 комплект спорт жабдықтарын, 1 комплект компьютер техникасын және 1 комплект музыка жабдықтарын сатып алу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты материалдық-техникалық базасының жақсаруы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
49-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 209 "Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1000 мың теңге (бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 44 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу процесін жүргізу үшін Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернатын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернатында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 209 | | Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп -интернат үшін негізгі | Негізгі құралдар сатып алу: ас үйлік (2 дана) және спорттық (1 дана) жабдықтар сатып алу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Б.Момышұлы атындағы |

құралдар сатып алу. | Алматы республикалық әскери мектеп-интернаты

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернатының материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
50-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 210 "Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1000 мың теңге (бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 34 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу процесін жүргізу үшін Жұбанов атындағы республикалық музыкалық орта мектеп-интернатын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернатында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 210 | | Жұбанов атындағы республикалық музыкалық орта мектеп -интернат үшін негізгі құралдар сатып алу | Негізгі құралдар сатып алу: - музыкалық аспаптар: пианино - 1, баян - 1, үрлемелі, ішекті аспаптар, тоңазытқыш камера - 1. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Жұбанов атындағы республикалық музыкалық орта мектеп-интернат. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Жұбанов атындағы республикалық музыкалық орта мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
51-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 211 "О. Жәутіков атындағы Республикалық физика-математикалық мектеп-интернат үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2000 мың теңге (екі миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы"

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 44 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "2002 жылғы республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу процесін жүргізу үшін Республикалық физика-математикалық мектеп-интернатын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: О. Жәутіков атындағы Республикалық физика-математикалық мектеп-интернатында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 211 | | О. Жәутіков атындағы Республикалық физика-математикалық мектеп-интернат үшін негізгі құралдар сатып алу. | Мынадай негізгі құралдар сатып алу: лингофон жабдықтары: ағылшын тілінің кабинеттері үшін - 1 комплект, қазақ тілі үшін - 1 комплект; - информатика кабинеті үшін 5 компьютер; - физика кабинеті үшін - 1 комплект | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, О. Жәутіков атындағы Республика. лық физика-математика. лық мектеп-интернаты жабдықтар |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: О. Жәутіков

атындағы Республикалық физика-математикалық мектеп-интернатының материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
52-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 212 "Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республикалық мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3364 мың теңге (үш миллион үш жүз алпыс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 44 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "2002 жылғы республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу үрдісін жүргізу үшін Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республикалық мектеп-интернатын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республикалық мектеп-интернатында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 212 | | Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республикалық мектеп-интернат үшін негізгі құралдар сатып алу | Сатып алынатын негізгі құралдар: қазан, ас бөлмесінің жабдықтары, 5 сыныпқа мектеп жиһаздары, компьютерлер - 4 дана | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республика. лық мектеп-интернаты |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын Республикалық мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
53-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2002 жылға арналған 213 "К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернаты үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1800 мың теңге (бір миллион сегіз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу үрдісін жүргізу үшін К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернатын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернатында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 213 | 000 | К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық музыкалық мамандандырыл. ған орта мектеп-интернат үшін негізгі құралдар сатып алу. | Негізгі құралдар сатып алу: - саксофон - 1 дана, дауылпаз аспаптар 2 комплекті, керней - 3 дана, баян - 3 дана, тромбон - 2 дана, фагот - 2 дана, дыбыс күшейткіш - 2 дана | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық музыкалық маманданды. рылған орта мектеп-интернаты |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернатының материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
54-қосымша
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
--------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2002 жылға арналған 214 "Жетілу проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы үшін негізгі құралдар сатып алу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1391 мың теңге (бір миллион үш жүз тоқсан бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 44 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Ақыл-есінің немесе бой бітімінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық орталығын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 наурыздағы N 305 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 сәуірдегі N 604 қаулысы; " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оқу үрдісін жүргізу үшін жетілу проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жетілу проблемасы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығында оқушыларды сапалы даярлау үшін негізгі құралдар

сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 214 | 000 | Жетілу проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы үшін негізгі құралдар сатып алу. | Негізгі құралдар сатып алу: принтері бар компьютер, ксерокс, қазан, асхана және кір жуу жабдықтары | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Жетілу проблемасы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Жетілу проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы материалдық-техникалық базасының жақсаруы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
55-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 306 "Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатының ғимаратын күрделі жөндеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1000 мың теңге (бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернат ғимаратының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жылу және канализация жүйелеріне күрделі жөндеу жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 306 | | Қарағанды республикалық әскери мектеп -интернатының ғимаратын күрделі | Жылу және канализация жүйелеріне күрделі жөндеу жүргізу. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Қарағанды |

жөндеу республикалық әскери мектеп-интернаты

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатына сапалы әрі мезгілінде жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
56-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 307 "Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернатының ғимаратын күрделі жөндеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1500 мың теңге (бір миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Алматы республикалық әскери мектеп-интернаты ғимаратының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: элеваторлық тораптарындағы құбырларды, радиаторларды толық ауыстыру жолымен күрделі жөндеу жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар

!лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі ! !
!коды!коды! атауы ! іс-шаралар ! !
-------------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------------

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 307 | 000 | Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп -интернатының ғимаратын күрделі жөндеу | Элеваторлық тораптарындағы құбырларды, радиаторларды толық ауыстыру | | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Б.Момышұлы атындағы Алматы республика. лық әскери мектеп-интернаты |

-------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернатына сапалы және мезгілінде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
57-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 310 "Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернатының ғимаратына күрделі жөндеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4886 мың теңге (төрт миллион сегіз жүз сексен алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан

Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернат ғимаратының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жатақхана мен оқу корпусының шатырына күрделі жөндеу жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 310 | | Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернатының ғимаратына күрделі жөндеу | Жатақхана мен оқу корпусының шатырын жабу | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернаты |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернатына сапалы әрі мезгілінде жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы

N 189 қаулысына
58-қосымша
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 311 "К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернаты ғимаратының күрделі жөндеуі" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2123 мың теңге (екі миллион жүз жиырма үш мың).

2. Бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернаты ғимаратының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мектеп пен интернаттың жылу жүйесіне фойенің астыңғы қабатына, оқу корпусының дәлізіне, жатақханаға, асханаға, концерт және спорт залдарына күрделі жөндеу жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 311 | | К.Байсейітова | Жылу жүйесіне, | 2002 жыл | Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық мамандандырыл. ған орта мектеп -интернат ғимаратына күрделі жөндеу | фойенің астыңғы қабатына, оқу корпус. ының дәлізіне, жатақханаға, асханаға, концерт және спорт залдарына күрделі жөндеу жүргізу | бойы | Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, К.Байсейито. ва атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернат |

-------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық мамандандырылған орта мектеп-интернат ғимаратына сапалы әрі мезгілінде жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
59-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
----------------------------------------------------------
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 315 "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалту Республикалық ғылыми-практикалық Орталығының ғимаратын күрделі жөндеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10000 мың теңге (он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Ақыл-ойы мен дене бітімінің жетілуінде ақауы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалту Республикалық орталығын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 наурыздағы N 305 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 сәуірдегі N 604 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ақыл-ойы мен дене бітімінің жетілуінде ақауы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалту Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ғимаратының техникалық жағдайын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ғимараттың сейсмологиялық беріктігін күшейту жөнінде іс-шаралар жүргізу, терезе блоктарын ауыстыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 315 | | Ақыл-ойы мен дене бітіміндe ақауы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалту Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ғиматарын | - орталық ғимаратының сейсмологиялық беріктігін күшейту жөнінде іс-шаралар; - терезе блоктарын ауыстыру. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Ақыл-ойы мен дене бітімінде ақауы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалту Рес. |

күрделі жөндеу | публикалық ғылыми-практикалық орталығы
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалту Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ғимаратының сейсмологиялық беріктігін күшейту жөнінде сапалы әрі мерзімінде жөндеу жұмыстарын жүргізу және терезе блоктарын ауыстыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 ақпандағы N 189 қаулысына 60-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
---------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 317 "А.Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернатының ғимаратын қайта жаңғырту" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 22000 мың теңге (жиырма екі миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 33, 37, 44 баптары; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: А.Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернаты ғимаратының оқу алаңдарын кеңейту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: А.Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернатының ғимаратын қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------------

| N | Бағ.! дар.! лама! коды | Бағ.! дар.! лама! коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 317 | | А.Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернатының ғимаратын қайта жаңғырту | Ғимарат жанынан бір қабатты әкімшілік үйін салу, фойе, киім ілгіш, вахта орындарын ұйымдастыру | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі, А.Жұбанов атындағы республикалық музыкалық қазақ орта мектеп-интернаты |

-------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ұйықтау корпусынан оқу және музыкалық корпустарға тарайтын жылуды қамтамасыз ететін бір қабатты әкімшілік үйін салу жолымен оқу алаңдарын кеңейту мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
61-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

---------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 500 "Орта білім беру ақпараттық жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 90760 мың теңге (тоқсан миллион жеті жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15

желтоқсандағы Заңы; "Қазақстан Республикасы Президентінің орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 3645 өкімі ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ақпараттық білім беруді басқару жүйесінің 1-кезеңін өрістету және 2-ші кезеңін енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігін облыстық білім департаменттерінің (басқармаларының) ақпаратымен қамтамасыз ету үшін ақпараттық білім беру жүйесін басқарудың 1-ші кезеңі және аудандық білім беру бөлімдерін облыстық департаменттермен ( басқармалармен) жалғастыру үшін ақпаратты білім беру жүйесін басқарудың екінші кезеңі бойынша жұмысты өрістету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 500 | | Орта білім беру ақпарат жүйесін өрістету | Ақпараттық білім беру жүйесін басқарудың 1-ші кезеңмен өрістету. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| | | | | Ақпараттық білім беру жүйесін басқарудың 2-ші кезеңінің ақпараттық бағдарламалық қамтамасыз етілуін жандандыру. | 3-4 тоқсан | |
| | | | | Алматы, Атырау облыстарында және Астана қаласында ақпараттық білім беру жүйесін басқарудың | 2002 жыл бойы | |

бағдарламасы бойынша
қосылған жабдықтар
кешенін өрістету.
Ақпараттық білім беру 2002 жыл
жүйесін басқарудың 1- бойы
ші және 2-ші кезең.
дерінде қызмет көрсету
үшін бөлінген арнаны
абондау.

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: отандық білім беру жүйесін бірыңғай ғалымдық ақпараттық білім беру кеңістігімен ықпалдастыру мақсатымен білім беруді басқару тиімділігін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
62-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

-------------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 501 "Орта білім беру ақпараттық жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 100443 мың теңге (жүз миллион төрт жүз қырық үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 3645 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің " Орта білім жүйесін ақпараттандыру" Мемлекеттік бағдарламасы; "Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған Тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 тамыздағы N 1037 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім беру жүйесін ақпараттандыруды өрістету, Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептерін білім беру

стандарттарына және электрондық оқу құралдарының, анықтамалық және әдістемелік материалдарының Республикалық банкіне сәйкес келетін мультимедиялық оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының білім жүйесін ақпараттандырудың нормативтік негізін жасау. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орталық телекоммуникациялық торабын құру бойынша, мультимедиялық оқу бағдарламалары бойынша, электрондық оқу құралдарының, анықтамалық және әдістемелік материалдарын Республикалық банкі бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сатып алу. Қазақстан Республикасының білім беру желісін ақпараттандыру жұмысын қамтамасыз ету үшін кадрлар даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Бағ. дар. лама коды | Бағдарламаның (шағын бағ. дарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 501 | | Білім беру жүйесін ақпараттан. дыруды республикалық деңгейде өрістету | Қазақ және орыс тілдеріндегі бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары үшін 3 пән бойынша электрондық оқулық әзірлеу және жаңалау. | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Білім және ғылым министрлігі |
| | | | | Қазақ және орыс тілдеріндегі бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары үшін 15 пән бойынша электрондық оқулықтардың интернет-срездерін жандандыру және жаңалау. | 2002 жыл бойы | |
| | | | | Қазақ және орыс тілдеріндегі сатып алған электрондық оқулықтардың | 2002 жыл бойы | |

таралымен 8500 данаға
көбейту.
Қазақстан Республикасы 2-4
Білім және ғылым тоқсан
министрлігінің орталық
телекоммуникациялық
торабының жұмысын
өрістету.
Білім беру ұйымдары 2002 жыл
корпоративтік желісінің бойы
трафикін төлеу және
қызмет көрсету.
Қазақ және орыс 2002 жыл
тілдерінде білім беру бойы
стандарттарына сәйкес
қазақ және орыс
тілдеріндегі бастауыш,
орта және жоғары
кәсіптік білім ұйымдары
үшін 3 пән бойынша
мултимедиялық оқыту
бағдарламасын өрістету.
Қазақстан Республикасы 2002 жыл
Білім және ғылым бойы
министрлігінің орталық
телекоммуникациялық
торабын бағдарламалық
қамтамасыз етілуін
өрістету.
Электрондық оқу 2002 жыл
құралдарының, анықтамалық бойы
және әдістемелік
материалдарының
Республикалық банкі мен
кітапханасын құру бойынша
бағдарламалық қамтамасыз
етуді өрістету.
Қазақстан Республикасы 2-4
Білім және ғылым тоқсан

министрлігінің орталық телекоммуникациялық тарабында қызмет көрсету үшін 200 маман оқыту.

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бастауыш, орта және жоғары кәсіпті білім беру орындарында білім беру сапасын көтеру және ғалымдық білім беру кеңістігіне ену.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
63-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

-----------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 600 "Білім берудің ақпараттық жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 110000 мың теңге (жүз он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен бекітілген " Орта білім жүйесін ақпараттандыру" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 3645 мемлекеттік бағдарламасы; "Қазақстан Республикасының білім жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған Тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 тамыздағы N 1037 қаулысы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім берудің ақпараттық жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орталық телекоммуникациялық торабын, электрондық оқу құралдарының, анықтамалық және әдістемелік материалдардың Республикалық банкін ашу, бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары үшін оқытуға арналған мультимедиялық бағдарламалар әзірлеу және көбейту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
--------------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Бағ.!Бағдарламаның!      Бағдарламаны      !Іске асыру! Жауапты
  !дар.!дар.! (шағын бағ. ! (шағын бағдарламаны) !мерзімдері!орындаушылар
  !лама!лама! дарламаның) ! іске асыру жөніндегі !          !
  !коды!коды!    атауы    !      іс-шаралар      !          !
--------------------------------------------------------------------------
1 ! 2  !  3 !      4      !          5           !    6     !     7
--------------------------------------------------------------------------
     600        Білім берудің  Қазақстан Республика.  1-2 тоқсан Қазақстан
                ақпараттық     сында білім берудің               Республика.
                жүйесін құру   ақпараттық жүйесі                 сының Білім
                               бойынша нормативтік               және ғылым
                               құжаттар пакетін                  министрлігі
                               әзірлеу және сатып алу.
                               Қазақ және орыс        2002 жыл
                               тілдерінде 10-11       бойы
                               сыныптар үшін 3 пән
                               бойынша электрондық
                               оқулықтар әзірлеу және
                               сатып алу.
                               Қазақ және орыс        2002 жыл
                               тілдерінде 10-11 сыныптар бойы
                               үшін электрондық
                               оқулықтарға қажетті
                               интернет-срездер әзірлеу
                               және сатып алу.
                               Мыналар үшін қажетті
                               техникалық құралдар
                               сатып алу:
                               - Қазақстан Республикасы 1-2 тоқсан
                               Білім және ғылым
                               министрлігінің орталық
                               телекоммуникациялық
                               торабын жасалған желілер
                               үшін модемдер - 8 дана,
                               орталық ену сервері - 1
                               дана, корпоративтік желіні
                               пайдаланушыларды тіркеу
```

үшін 2-деңгейдегі ену сервері - 6 дана, ксерокс - 1 дана, сканер - 1 дана, факс - 1 дана, қосымша жабдықтар (модемдық пулдар, ажырамалар, шығыс материалдары, тіреулер, кабель басқалар) - 1 комплект оқытуға арналған мультимедиялық бағдарламалар жасау - P III-800/256 Mb/30 Gb/8AGP/1)DVDROM 12/PCI 10/100/SB 16 Bit/к/м/р - жұмыс станциясы - 7 дана, принтер - 7 дана, монитор - 2 дана, аудиоорталық - 7 дана, сканер - 3, түсіру және монтаж үшін бейне монитор - 4 дана, цифрлы бейнекамера - 2 дана, цифрлы фотоаппарат - 2 дана, CD-rifer - 2 дана, CD - Studio - 1 дана, шығыс материалдары - 1 комплект;

- Республикалық банктің электрондық оқу құралдары, анықтамалық және әдістемелік құралдар-деректер сақтау сервері - 2 дана, сканер - 1 дана, лазерлік түсті принтер - 1 дана, CD-rifer - 2 дана, лазерлік принтер - 2 дана, жарық түсіру жабдықтары - 2 дана, бейнепроектор - 1 дана, фильмдер көшіретін бейнемагнитофон - 2 дана, телевизор - 1 дана, шығыс материалдары (CD-дискілер, бейнекассеталар, тонер және

басқалар).
Қазақстан Республикасы Білім 1-3 тоқсан
және ғылым министрлігінің
орталық телекоммуникациялық
торабын құру.
Жабдықтар инсталляциясын 3-4 тоқсан
жүргізу, Интернет және 2002 жыл
Интернет желілеріне қосу. бойы
Бастауыш, орта және жоғары
кәсіптік білім беру
ұйымдарының 3 пәні бойынша
қазақ, орыс тілдеріндегі білім
оқу стандарттарына сәйкес
мультимедиялық бағдарламалар
әзірлеу және құру.
Қазақстан Республикасы Білім 2002 жыл
және ғылым министрлігінің бойы
орталық телекоммуникациялық
құруға байланысты
бағдарламалық қамтамасыз етуді
әзірлеу және сатып алу.
Электрондық оқу құралдарының 2002 жыл
анықтамалық және әдістемелік бойы
материалдардың Республикалық
банкі мен кітапханасының
құрылуына байланысты қамтамасыз
ету бағдарламасын әзірлеу және
сатып алу.
---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бастауыш, орта, жоғары кәсіптік оқу ұйымдарында білім беру сапасын көтеру және әлемдік білім беру кеңістігіне ену.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы
N 189 қаулысына
64-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 602 "Орта білім беру ақпараттық жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 39425 мың теңге (отыз тоғыз миллион төрт жүз жиырма бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 3645 өкімі ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім берудің басқару жүйесін ақпараттандырудың 2-ші кезеңін енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: Білім берудің басқару жүйесін ақпараттандырудың 2-ші кезеңін жобасы бойынша Алматы, Атырау облыстарының және Астана қаласының аудандық бөлімдерін жабдық кешендерімен жарақтау. Орта білім беру ақпараттық жүйесіне қосылатын мектептер үшін компьютерлік жабдықтар сатып алу. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағдарлама коды | Бағдарламаның (шағын бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 602 | | Орта білім берудің ақпараттық жүйесін құру | Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі 2-фазасының бағдарламасы бойынша конкурс негізінде жабдықтар жиынтықтарын сатып алу: жұмыс станциясы - 30 дана; модем | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

- 30 дана; принтер - 30 дана; коректендіру блогы (UPS) - 30 дана.

Орта білім беру ақпарат. 1-3 тоқсан тық жүйесіне қосылатын мектептер үшін мынадай санда компьютерлік жаб- дықтар сатып алу: жұмыс станциясы - 124 дана; монитор - 124 дана; принтер - 22 дана; желі- лік жабдықтар - 20 дана; үздіксіз коректендіру көзі - 124 дана <*> ------------------------------------------------------------------
- - - - - - - - - -

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: отандық білім беру жүйесін бірыңғай ғалымдық ақпараттық білім беру кеңістігімен ықпалдастыру мақсатында білімді басқару тиімділігін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы N 189 қаулысына
65-қосымша

Ескерту. 65-67-қосымшалармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.02.09. N 196 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 601 "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігін есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 13 567 мың теңге (он үш миллион бес жүз алпыс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын құрудың және дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы N

1501 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өзіне жүктелген міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Министрліктің материалдық-техникалық базасын дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Министрлік аппаратын есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдар. ламаның коды | Шағын бағ. дар. лама. ның коды | Бағдарламаның (шағын бағдар. ламаның атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзі. мі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | 601 | | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігін есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету | "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес компьютерлік және ұйымдастыру техникасын, бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. Жоспарланып отырған саны: компьютерлер - 59 дана, принтерлер - 44 дана, сканерлер - 11 дана, үздіксіз қоректендіру көздері - 20 дана, желілік концентратор - 1 дана, серверлер - 2 дана, көшіру аппараттары - 8 дана, CD-ReWriter - 2 дана, HUB - 5 дана, желілік сүзгі - 11 дана; бағдарламалық қамтамасыз | 2002 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. |

ету - 2 жиынтық. <*>

---------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Министрлік аппараты жұмысының тиімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы N 189 қаулысына
66-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 069 "Бөбек"**
**республикалық оқу-сауықтыру орталығында**
**оқу-тәрбие іс-шараларын жүргізу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**Паспорты**

1. Құны: 32735 мың теңге (отыз екі миллион жеті жүз отыз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 24, 36, 37 баптары; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы қаулысы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "Бөбек" Республикалық оқу-сауықтыру орталығы" РМҚК-нын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 сәуірдегі қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жалпы адами құндылықтар негізінде рухани-иманды тұлғаны оқыту және тәрбиелеу, оқуға және өзінше білім алуға, адамның имандылық негіздерін қалыптастыруға тұрақты уәждемені дамыту, жан-жақты дамыған, үйлесімді адамды тәрбиелеу. <*>

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Өзін-өзі тану" дайындық бөлімін және мектеп-гимназиясын ашу, балаларды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламалар бойынша даярлау. Жеке адамның жеке дара бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа баулу. Балалардың

демалысын ұйымдастыру, балаларды оқыту әрі жан-жақты дамыту, балаларды қосымша дамытудың білім бағдарламаларын іске асыру жеке адамның адамгершілікті жаңа тұрпатын қалыптастыру, азаматтық рухқа, үйлесімді рухани кісілікке және дене шымырлығына тәрбиелеу, ғылыми-әдістемелік жұмыс. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдар.ламаның коды | Шағын бағ.дар.лама.ның коды | Бағдарламаның атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзі.мі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 069 | | "Бөбек" Республикалық оқу-сауықтыру орталығында оқу-тәрбие жүргізу | Орталықты оқу-тәрбие процесіне дайындау жөнінде іс-шаралар өткізу. | қаңтар-ақпан | Қазақстан Республика.сының Білім және ғылым министрлігі |
| | | | | Балалармен және жас. өспірімдермен оқу-тәрбие процесін жүр.гізу. Демалыс ұйым.дастыру және мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізу, мұғалімдер үшін семи-нарлар ұйымдастыру. Орта есеппен оқу-тәрбие іс-шараларынан дайындық бөлімі мен "Өзін-өзі тану" мектеп-гимназиясының 395 | тамыз-желтоқсан | |

балас ы өтеді. <*>
-----------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мектеп-гимназияның 45 балаға арналған дайындық бөлімін, 350 балаға арналған мектеп-гимназия ашу, балалар мен жасөспірімдерді Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқыту. Балаларды қосымша дамыту білім беру бағдарламаларын іске асыру. Мұғалімдер үшін семинарлар ұйымдастыру, "Өзін-өзі тану" пәні бойынша сабақ берудің жаңа әдістемесінің әзірленімдері.<*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 9 ақпандағы N 189 қаулысына
67-қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған 046 "Балаларды оңалту"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**Паспорты**

1. Құны: 105640 мың теңге (жүз бес миллион алты жүз қырық мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 15, 50-баптары; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 37-бабы; "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы N 905 қаулысы ; "Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 сәуірдегі қаулысы . <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған емдеу-алдын алу және сауықтыру шараларын жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әлжуаз және ауру жетім балаларды, экологиялық қолайсыз аймақтардың балаларын, Қазақстан Республикасының әр түрлі облыстарындағы тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылары балаларын сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру, балаларды оқыту және жан-жақты дамыту, балаларды қосымша дамытудың білім беру бағдарламаларын іске асыру, жеке

адамның адамгершілікті жаңа тұрпатын қалыптастыру, азаматтық рухқа, үйлесімді рухани кісілікке және дене шымырлығына тәрбиелеу. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

--------------------------------------------------------------------------

N!Бағдар.!Шағын!Бағдарламаның !Бағдарламаны (шағын ! Іске ! Жауапты
!ламаның!бағ. !(шағын бағдар.!бағдарламаны) іске !асыру !орындаушылар
!коды !дар. !ламаның атауы ! асыру жөніндегі !мерзі.!
! !лама.! ! іс-шаралар !мі !
! !ның ! ! ! !
! !коды ! ! ! !

--------------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

--------------------------------------------------------------------------

046 Балаларды Әлсіз және ауру бала. 2002 Қазақстан
оңалту ларды, жетім балалар. жыл Республика.
ды, республиканың сының Білім
экологиялық қолайсыз және ғылым
аймақтарынан келген министрлігі
балаларды сауықтыру,
оңалту, олардың дем.
алысын ұйымдастыру
және оқыту жөніндегі
қызметтер көрсетуге
ақы төлеу.

Бір келгенде (10 рет
келеді) 101 баланы
сауықтыру жөніндегі
жоспарлы жұмыс. <*> -----------------------------------------------------
- - - - - - - - - - - - - - - -

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.06. N 189а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: балаларды созылмалы аурулардың дәстүрлі емі бойынша жоспарлы түрде сауықтыру, қалыптастыру емдерін тұрақты жүргізіп отыру, мамандандырылған көмек көрсету, балалардың өмірі мен денсаулығын бақылау, табиғи әдістермен сауықтыру, балаларды салауатты өмір салтына үйрету және өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығы туралы қамқорлықты дұрыс түсінуге дағдыландыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК